

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 291-IV Заңымен

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010.06.25 № 291-IV Заңымен.

Ескерту. Актінің нысаны мен тақырыбы мына редакцияда берілді: "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, кіріспе алынып тасталды, бұкіл мәтін бойынша сөздер алмастырылды - КР 2004.12.01 N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз).

1-тaraу. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) барлау - пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіруге және оларды бағалауға байланысты жұмыстар (операциялар);

2) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалануға бериу - мұнай мен газды сақтау үшін жер асты құрылыштарын, сондай-ак радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды және сарқынды суларды көму үшін жер асты инженерлік құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

3) геологиялық бөлу - жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізуге құқылы жер қойнауының участкесін схемалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын барлауға, бірлескен барлау мен өндіруге жасалатын келісім-шартқа қосымша;

4) жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (судың толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі;

5) жер асты сулары - жер қойнауында жатқан және осы Заңға сәйкес пайдаланылатын пайдалы қазба;

6) жер қойнауы - топырақ қабатынан, ол жоқ болса - жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен тәмен орналасқан, ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын терендікке созылған жер

7) жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды және кешенді пайдалану саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) жер қойнауын қорғау - Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбауға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған іс-шаралар жүйесі;

9) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу - жер қойнауы жай-күйінің мониторингіне, жер қойнауы участкерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жекелеген бөліктерінің және тұтастай бүкіл аумағының геологиялық құрылымын зерттеуге, оларда пайдалы қазбалардың болу перспективаларын іздестіру және іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу арқылы анықтауға, жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын мемлекеттік геологиялық карталар жасауға байланысты жұмыстар (операциялар) ;

10) жер қойнауын пайдаланудың қауіпсіздігі - жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізген кезде техникалық, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

11) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар - жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, барлауға және өндіруге, оның ішінде жер асты суларын, шипалы балшықты барлауға және өндіруге, жер қойнауын сарқынды суларды ағызу үшін барлауға байланысты жұмыстар, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес, жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

11-1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімі – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды бақылауға және оның мониторингіне, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді электрондық сатып алуды өткізуға және олардың тізбесін түзуге арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе;

12) жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компания (бұдан әрі - ұлттық компания) - Үкімет шешімі бойынша құрылған, мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг жалғыз акционері болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір салаларында қызметті жүзеге асыратын акционерлік

қ оғам ;

13) жер қойнауын пайдалану құқығы - осы Заңға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға берілген келісім-шарттық аумақ шегіндегі жер қойнауына иелік ету және оны пайдалану құқығы;

14) жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүргізуге құқықтарды шоғырландыру - бір елден шыққан бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттарда осындай үлесті иеленуі немесе Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделеріне қауіп төндіруі мүмкін немесе қауіп төндіретін Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын ұйымдардың жарғылық капиталында осындай меншік үлесін иеленуі;

15) жер қойнауын пайдалануши - осы Заңға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығын иеленуші жеке немесе заңды тұлға;

16) жер қойнауы участкесі - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тұбының тұрықталған шекараларда бөліп көрсетілетін жер қойнауының геометрияланған бөлігі;

17) жоғары технологиялар - Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өнімді әлемдік нарыққа ықпалдастыру мақсатында қолданылатын жаңа және жетілдірілген өнім мен барынша экологиялық таза технология ретінде сатуға шығарылған техника мен технологиялық процестердегі жалпы жүрт мойындаған жаңа жетістіктер;

18) жұмыс бағдарламасы - жер қойнауын пайдаланушының осы Заңының 41-5-бабының 5-тармағына сәйкес конкурстық ұсыныстардың шарттарын іске асыру жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, келісім-шарт күшінің толық мерзіміне арнаған жоспарларының жиынтығы;

18-1) жұмыстағы, көрсетілетін қызметтегі қазақстандық қамту – жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлардың құны және қосалқы мердігерлік шарттарының бағалары шегеріле отырып, жұмысты орындау кезінде пайдаланылатын тауарлардағы, шарттың және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу бағасындағы, жұмысты орындауға немесе қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша жұмыс орындаушының еңбегіне, қызмет көрсетуге ақы төлеу қорындағы қазақстандық қамту құнының жалпы жиынтық үлесі;

19) жұмыстар - тауарларды шығару (өндіру), жабдықтарды монтаждау, құрылыштарды және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, келісім-шартта көзделген қызмет үшін де ілеспе ретіндегі өзге де қажетті объектілерді салу жөніндегі қызметті ақылы негіздеде жүзеге асыру ;

20) жұмыстың жылдық бағдарламасы - жер қойнауын пайдаланушының күнтізбелік жылға арналған барлау, өндіру жөніндегі тау-кен жұмысының көлемі мен даму бағытын қамтитын іс-әрекеттерінің жоспары және қаржылық шығындары;

20-1) кадрлардағы қазақстандық қамту – жұмысшылар мен қызметшілердің әрбір санаты бойынша бөле отырып, келісім-шартты орындау кезінде жұмысқа тартылған персоналдың жалпы санына пайызбен алғандағы қазақстандық кадрлардың саны;

21) келісім-шарт - құзыретті орган мен жеке немесе заңды тұлғаның (тұлғалардың) арасында барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру жүргізуге не барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жер асты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісім-шарт жасасқан кезде Қазақстан Республикасының қолданыста болған заң актілеріне сәйкес жасалған шарт;

22) келісім-шарттық аумақ - жер қойнауын пайдалануши келісім-шартқа сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге құқылы, геологиялық не тау-кендік бөлүмен айқындалатын аумақ;

23) келісім-шарттың шенберінде құқықтарды шоғырландыру - Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттағы консорциумға қатысуышылардың бірінің осы қатысуышыға келісім-шартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушының қызметі бойынша дербес шешім қабылдауға мүмкіндік беретін үлесінің шамасы;

24) кен орны - пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) табиғи шоғырланған жер қойнауын бөлігі;

25) кен орындарын игерудің оң іс-тәжірибесі - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қолданылатын ұтымды, қауіпсіз, қажетті және экономикалық тиімді деп саналатын жалпы қабылданған халықаралық іс-тәжірибе;

26) кең таралған пайдалы қазбалар - табиғи қуйінде немесе сәл өнделіп, тазартылғаннан кейін негізінен жергілікті шаруашылық мұқтаждарын қамтамасыз етуге жұмсалатын пайдалы қазбалар (құм, саз, қырышық тас және басқалар);

27) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру - кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтаждары үшін өндіруге қатысы жоқ кең таралған пайдалы қазбаларды кез келген өндіру;

28) кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты суларын өз мұқтаждары үшін өндіру - өндірілген кең тараған пайдалы қазбаларға не жер асты суларына қатысты кейіннен мәмілелер жасау ниетінсіз, жеке меншіктегі, не тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығындағы жер участкесінде жүзеге асырылатын өндіру;

29) коммерциялық табу - келісім-шарттық аумақта өндіру үшін экономикалық жарамды бір немесе бірнеше кен орындарын табу;

29-1) Қазақстанда шығарылатын тауар – Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын, тауардың ішкі айналыс үшін шығарылғаны туралы сертификат берілген тауар;

30) қазақстандық жұмыс орындаушылар, қызмет көрсетушілер – Қазақстан Республикасының резиденттері. Қазақстан Республикасының резиденттері деп Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, оның аумағында орналасқан заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметкерлерінің жалпы санында Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде тоқсан бес пайызын пайдаланатын олардың Қазақстан Республикасында орналасқан филиалдары танылады;

31) қазақстандық тауар өндіруші – Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстанда шығарылатын тауарларды өндіретін Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғалары;

32) **Алынып тасталды - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 - б . қаралызы)** **З а ң ы м е н .**

33) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы және оның аумақтық о р г а н д а р ы ;

34) құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаитын және келісім-шарттар жасау мен оларды орындауға байланысты құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының атынан әрекет жасайтын мемлекеттік орган ;

35) қызметтер көрсету - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, тауарларды немесе басқа да материалдық заттарды шығаруға (өндіруге) бағытталмаған, келісім-шартта ілеспе ретінде көзделген қызметтер үшін де қажет қызметтерді ақылы негізде жүзеге а с ы р у ;

36) мердігер - құзыретті органмен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісім-шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

37) минералдық шикізат - жер қойнауының (тау жынысы, кен шикізаты және басқалар) жер үстіне шығарылған, құрамында пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) ба р **б ө л і г і ;**

38) минералдық шикізатты бастапқы өндірілген жерінде жинауды, ұсатуды немесе үгітуді, жіктеуді (сорттауды), брикеттеуді, агломерациялауды және физикалық-химиялық әдістермен байтууды (пайдалы қазбалардың минералдық нысандарын, олардың

агрегаттық-фазалық жай-күйін, кристалдық-химиялық құрылымын айтарлықтай өзгертпестен) қамтитын, сондай-ақ пайдалы қазбаны өндіру жөніндегі жұмыстардың (жер асты газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық еріту, ұсақ тау-кен жынысты кен орнын ұсақтап және гидравликалық жолмен игеру) арнайы түрлері болып табылатын өндеу технологияларын қамтуы мүмкін

т ү р і ;

39) минералдық шикізатты өндеу - минералдық шикізаттан пайдалы қазбаны (пайдалы қазбаларды) бөліп алуға байланысты жұмыстар;

40) модельдік келісім-шарт - келісім-шарттардың жекелеген түрлерінің ерекшеліктері, жер қойнауын пайдалану жөніндегі жекелеген операцияларды жүргізу көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін және келісім-шарттар жасау кезінде үлгі ретінде пайдаланылатын типтік келісім-шарт;

41) өндіру - минералдық шикізатты уақытша сақтауды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне шығаруға, сондай-ақ техногенді минералдық түзілімдерден алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені ;

42) пайдалы қазба - жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ күйінде кездесетін (соның ішінде шипалы балшық) материалдық өндірісте қолдануға жарамды табиғи минералдық түзілім;

43) пайдалы қазбаларды ұтымды және кешенді пайдалану - кен орнын игерудің озық технологияларын пайдалану мен оң іс-тәжірибесі негізінде жер қойнауы ресурстарының барлық түрлерін экономикалық тұрғыдан тиімді игеру;

44) сақтық аймағы - Қазақстан Республикасының аумағында теңіз жағалауы жиегінен құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан аймақ;

45) сервитут - жеке және занды тұлғалардың осы Занда көзделген жағдайларда барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес барлау, өндіру, бірлескен барлау жүргізу және өндіру, не жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану үшін басқа тұлғаларға берілген жер қойнауы участкесінің бір бөлігін шектеулі түрде нысаналы пайдалану құқығы;

46) тарату қоры - Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою үшін жер қойнауын пайдаланушы құратын көр ;

47) тарихи шығындар - мемлекет келісім-шарттық аумақты геологиялық зерттеуге және кен орындарын барлауға жұмсаған бұрынғы жиынтық шығындар;

48) тауарлар - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, келісім-шартта ілеспе ретінде көзделген қызметтер үшін де сатып алынатын жабдық, дайын өнім және өзге де материалдық-техникалық құндылықтар;

48-1) тауардағы қазақстандық қамту – Қазақстан Республикасының

аумағында жүзеге асырылатын, тауарды қайта өндеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар құнының және тауарларды өндіруші шығындарының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық қамтылуы;

49) тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді сатып алушың жылдық бағдарламасы - тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жер қойнауын пайдаланушы жоспарлайтын номенклатурасы мен көлемі және оларды иемденіп алушың тәсілдері мен мерзімдері;

50) тау-кендік бөлу - жер қойнауын пайдаланушының өндіруді, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуге құқығы бар жер қойнауы участекін графикалық және сипаттамалық жағынан айқындастын, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге жасалатын келісім-шарттардың ажырамас бөлігі не сервитут ресімделген жағдайда дербес құжат болып табылатын құжат;

51) теңізді ластау - адамдардың денсаулығына, теңіздің жанды ресурстарына және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін не зиян келтіруге қабілетті, теңізде не оның жағалауында заңды жұмысты жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларға кедергілер жасайтын немесе залал келтіретін не залал келтіруге қабілетті материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістің теңіз аясына келіп түсуі, сондай-ақ сәулелер мен өрістердің алуан үлгілерінің пайда б о л у ы ;

52) техногендік минералдық түзілімдер - жер қойнауын пайдаланушылардың тау-кен өндіру және байыту, металургиялық және басқа да түрлі өндірістерінің қалдықтары болып табылатын, пайдалы компоненттері бар минералдық түзілімдердің, кен жыныстарының, сұйықтар мен қоспалардың шоғыры;

53) техногендік су - жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қалауы бойынша билік етуге құқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде технологиялық процестерді еткізу үшін мұлде жойылуы қажет су;

53-1) үйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамтуды есептеу үшін қ о л д а н ы л а т ы н т ә р т і п ;

54) іздестіру-бағалау жұмыстары - табылған объектінің жалпы ресурстарын анықтау, олардың өнеркәсіптік маңызын бағалау және игеруге тартудың орындылығын техникалық-экономикалық негіздеу мақсатындағы геологиялық баrlau жұмыстарынын сатысы;

55) іздестіру жұмыстары - пайдалы қазбалардың перспективалы участекелері мен көндік нышандарын табу және сұлбасын жасау, болжамдық ресурстарын бағалау, оларға алдын ала геологиялық-экономикалық баға беріп, геологиялық-барлау жұмыстарын одан әрі негіздеу мақсатындағы геологиялық барлау жұмыстарының сатысы;

56) экологиялық қауіпсіздік - қоршаған ортаға антропогендік және өзге де әсер ету нәтижесінде туындастын қатерлерден жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтары қорғалуының жаһай-куйі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - КР 2006.12.29 N 209, өзгерту енгізілді - 2007.01.12 N 226, 2009.02.13 N 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз)
Зандарымен.

2-бап. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы зандардың міндеттері

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жайындағы зандардың міндеттері - Қазақстан Республикасының мүдделерін және оның табиғи ресурстарын қорғау, Қазақстан Республикасының жер қойнауын тиімді пайдалану және қорғау, жер қойнауын пайдаланушылар мүдделерін қорғау, шаруашылық жүргізудің барлық нысандарының бірдей дамуына жағдай жасау, жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастар саласында зандылықты қүшейту мақсатында жүргізу болып табылады.

3-бап. Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы зандардың принциптері

Жер қойнауымен және жер қойнауын пайдаланумен байланысты құқықтық қатынастар мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;
- 2) жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;
- 3) республикалық және аймақтық мүдделердің үйлесуін қамтамасыз ету;
- 4) минералдық шикізат базасын толықтыруды қамтамасыз ету;
- 5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жариялы түрде жүргізу ;
- 6) жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы;
- 7) жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды жүргізуге инвестициялар тарту үшін қолайлар жағдайлар туғызу;
- 8) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін жер қойнауын пайдалану саласында өнімнің, оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.29 N 209 Зандарымен.

4-бап. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы зандар

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізгенде пайда болатын қатынастар осы Заңмен және соған сәйкес қабылданған басқа нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Пайдалы қазбалар мен техногендік минералды түзілімдердің кейбір түрлеріне қатысты жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты ерекшеліктер, пайдалы қазбалардың осы түрлері туралы және техногендік минералды түзілімдер туралы заң актілерімен айқындалады.

2. Жер, су (жерасты және шипалы балшықтан басқа), орман, өсімдік және жануарлар әлемін, атмосфералық ауаны пайдалану және қорғау жөніндегі қатынастар арнайы зандармен реттеледі.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты азаматтық құқықтық қатынастар осы Заң нормаларымен реттелмеген болса, азаматтық зандар нормаларымен реттеледі.

4. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, шетелдік азаматтар және занды тұлғалар; сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар жер қойнауын пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасының азаматтарымен және занды тұлғаларымен бірдей құқықтармен пайдаланады және міндеттер атқарады.

5. Осы Заң белгіленген азаматтар мен занды тұлғалардың құқықтары Үкіметтің, орталық әрі жергілікті атқарушы органдардың және мәслихаттардың актілерімен шектелмейді. Мұндай актілердің заң күші болмайды және орындалу жағтайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.01 N 2 Зандарымен (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз).

5-бап. Жер қойнауына, пайдалы қазбаларға, техногендік минералдық түзілімдерге, техногендік суларға және минералды шикізатқа менишік құқығы

1. Жер қойнауы және оның құрамындағы пайдалы қазбалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет меншігі болып табылады.

2. Егер контрактіде өзгеше көзделмеген болса, минералды шикізат менишік құқығымен жер қойнауын пайдаланушының меншігіне жатады (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорнына - шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығымен).

3. Техногендік минералдық түзілімдер мен техногендік сулар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады. Техногендік минералдық түзілімдерді игеру кезінде жер қойнауын пайдаланушы не жер қойнауын пайдаланушыдан техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығын алған үшінші тұлға кен орнын игеру кезінде салық төленбекен пайдалы қазбалардың қорына мемлекеттік сараптама жүргізуге және құзыретті органмен оны өндіруге келісім-шарт жасасуға міндетті.

4. Мемлекет меншігіндегі техногендік минералды түзілімдерден алынған пайдалы қазбаларға иелік ету құқығы контрактыда айқындалады.

5. Минералды шикізат, техногендік минералдық түзілімдер мен техногендік сулар немесе пайдалы қазбалар меншік құқығымен жер қойнауын пайдаланушының иелігінде болса, ол минералды шикізатқа, техногендік минералдық түзілімдерге, техногендік суларға немесе пайдалы қазбаларға иелік етуге, олар жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға хақылы.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2004.12.01 N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

6-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің жариялышы

1. Барлық мұдделі тұлғалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының заң функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді органдының және жергілікті өкілді органдардың құзыретті органда:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізуудің шарттарымен және оның нәтижелері туралы шешімнің мазмұнымен;

2) жасалған келісім-шарттар бойынша конкурс шарттарының орындалуымен таңысуга құқығы бар.

Тараптар құпия деп таныған ақпаратты Қазақстан Республикасының заң функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарына, жоғары өкілді органды мен жергілікті өкілді органдарына беру құпиялышық режимді бұзу болып табылмайды.

2. Мақсаты қоршаған ортаны қорғау болып табылатын барлық мұдделі қоғамдық бірлестіктердің жүргізілетін немесе жоспарланатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға әсер етуіне қатысты толық және дұрыс ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен алуда құқығы бар.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - КР 1999.08.11 N 467-I, 2004.12.01 N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз).

2-тарау. Атқарушы органдардың жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыреті

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік меншік объектісі ретінде жер қойнауының мемлекеттік қорын басқаруды ұйымдастырады;

2) кен орындарын игерудің оң іс-тәжірибесін негізге ала отырып, жер қойнауын пайдалану және қорғау ережелерін белгілейді;

3) минералды шикізаттың стратегиялық және тапшы түрлеріне деген мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға арналған жер қойнауы участеклерін анықтайды, ұлттық қауіпсіздікті, қоршаған ортаның сақталуын, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдалануға шек қояды, болашақ ұрпақ мұддесіне орай минералды шикізат қорларын сақтау үшін жер қойнауы участеклерін консервациялайды;

3-1) стратегиялық маңызы бар жер қойнауы участеклерінің (кен орындарының) тізбесін бекітеді;

4) кең тараған пайдалы қазбалардың тізбесін анықтайды;

5) өндіруші өнеркәсіптің әртүрлі салаларында қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар үшін арнайы төлемдер мен салықтардың төлеу тәртібінің ерекшеліктерін белгілейді; K080099

6) жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібін айқындайды;

7) конкурсқа шығарылуға тиіс, кең таралған пайдалы қазбалары бар жер қойнауы участеклерін қоспағанда, жер қойнауы участеклерінің тізбесін, оның ішінде ұлттық компанияның қатысу үлесі бар жер қойнауы участеклерінің тізбесін бекітеді;

8) модельдік контрактылар әзірлейді және бекітеді;

9) (алынып тасталды)

10) кең таралған пайдалы қазбалардан басқа жер қойнауын пайдалануға контрактылар жасайтын және орындайтын құзыретті органды айқындайды;

11) респубикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін бекітеді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда оларды шаруашылық шектеп пайдаланудың тәртібін белгілейді, сондай-ақ экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды, респубикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған жер қойнауы участеклерінің тізбесін бекітеді;

12) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің

және оларды өндірушілердің тізілімін, осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау өлшемдерін қоса алғанда, тұзу және жүргізу тәртібін бекітеді;

13) келісім-шарттар шарттарының орындалуын қадағалаудың мониторингін және оны бақылауды жүзеге асырудың тәртібін айқындейды.

14) пайдалы қазбалар жатқан аландарда құрылыш салуға рұқсат беру тәртібін айқындаиды;

15) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму және қалдық суларды ағызу тәртібін айқындейды;

16) жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

17) ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекітеді.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.05.11 N 381, 1999.08.11 N 467-I, 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараныз), 2005.10.14 N 79, 2006.12.29 N 209, 2007.01.12 N 226, 2007.10.24 N 2, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Зандарымен.

8-бап. Құзыретті органның (уәкілетті мемлекеттік органның) атқаратын қызметтері

1. Құзыретті органның атқаратын қызметтеріне мыналар кіреді:

1) барлау, өндіру және бірлескен барлау мен өндіру жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурс дайындау және ұйымдастыру;

2) контрактінің шарттары туралы жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер жүргізу, жер қойнауын пайдаланушымен бірлесіп контрактінің жобасын даяндау;

3) жер қойнауын мемлекеттік зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, келісім-шарттық құжаттардың жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

4) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлесіп барлау мен өндіруге арналған келісім-шартты қоспағанда, келісім-шарт жасасу және оны тіркеу;

5) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту және кадрлардағы қазақстандық қамту жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттар талаптарын орындаудының мониторингін және оны бақылауды жүзеге асыру;

6) осы Заңның 14-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын табыс етуге рұқсат беру, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру жөніндегі мәмілені тіркеу;

7) келісімшартты заңнамада көзделген тәртіппен және негіздер бойынша

орындауды және бұзуды қамтамасыз ету, сондай-ақ келісімшартты орындаудан осы Заңға сәйкес біржақты бас тартуды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметіне контрактінің орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті табыс ету;

9) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, жер қойнауын пайдалану құқығын алу конкурсының талаптарына енгізу үшін жер қойнауын пайдалану және ілеспе қызметте жоғары технологиялар, жаңа және өндеген өндірістері, магистральдық және өзге де құбырлар, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану операцияларын жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы қазақстандық қамту, дамыту және пайдалану жөнінде конкурс қатысушыларына

ұсыныстар әзірлеу; R 090075

10) көмірсутегі шикізатын өндіру жөніндегі кен орындарын игеру жобаларын әзірлеу және бекіту тәртібін айқындау;

11) техникалық регламенттерді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту;

12) жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу;

13) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіретін тәуекелдерге талдау жүргізу және оларды бағалау;

14) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасының нысанын және жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алған тауарлары, жұмыстары мен көрсетілген қызметтері туралы және кадрлардағы қазақстандық қамту жөніндегі міндеттемелерін орындауды туралы есептерінің нысандарын бекіту;

15) жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілдегі берген тұлғалар беретін, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүргізілгені, жүргізіліп жатқаны және есепті кезеңнен кейінгі жылға жоспарланатыны туралы ақпаратты жинау және талдау;

16) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін түзу және жүргізу, сондай-ақ осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау критерийлерін әзірлеу;

17) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен ақпарат сұрату;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын

пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуындағы қазақстандық қамту бойынша жалпы ақпаратты сауда және индустримальық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органға беру;

19) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асыру.

2 . Құзыретті орган:

1) контрактіні жасау және атқару жөніндегі өзінің қызметінің барысында Қазақстан Республикасы мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

2) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге кен орындарының қорларына мемлекеттік сараптамадан және өнеркәсіптік санаттағы қорлары бар екендігі расталғаннан кейін ғана конкурс өткізуға және келісім-шарттар жасауға міндетті.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - КР 1999.08.11 N 467-I, өзгерту енгізілді - 2004.12.01 N 2 (кушіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.14 N 79, 2006.12.29 N 209, 2007.10.24 N 2, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

8-1-бап. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі үәкілетті органның құзыреті

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі үәкілетті орган:

1) жер қойнауын геологиялық зерттеу және кешенді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) тау-кен жұмыстарын дамытудың жоспарларын (жобаларын) бекітеді;

3) көмірсутегі шикізатын қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі кен орындарын игеру жобаларын бекітеді;

4) осы Заңың 13-бабының 1-5-тармағында көзделген жағдайларда тәулігіне екі мың және одан да астам текше метр көлемінде өндірістік-техникалық жерасты суларын барлауға және өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жер қойнауын пайдалану құқығын береді;

5) пайдалы қазбалар қорларының, пайдалануға берілетін жер қойнауы участкерлері туралы геологиялық және экономикалық ақпараттың, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және мониторинг жөніндегі жұмыстарды жүргізуға арналған жобалық-сметалық құжаттаманың мемлекеттік сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді, пайдалы қазбалардың қорларын бекітеді;

6) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын, кен орындарының және пайдалы қазбалар көрініс белгілерінің, қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік кадастрларын жасауды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) тарихи шығындардың көлемін, жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат алудың құны мен шарттарын айқындайды;

8) жер қойнауының геологиялық ақпаратының республикалық және аумақтық қорларын ұйымдастырады және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

9) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын және кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты бөлігінде жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

10) жер қойнауын зерттеу және пайдалану мониторингін жүзеге асырады;

11) жер қойнауының ұтымды және кешенді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

12) жылдық жұмыс бағдарламаларын келіседі;

13) жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеуді жүзеге асырады;

14) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеуді және бекітеді;

15) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарт талаптарын орындаудың мониторингін және оны бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 8-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.10.14 N 79, өзгерту енгізілді - ҚР 2007.01.12 N 226, 2009.07.17 N 188-IV (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.29 № 233-IV (колданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV Зандарымен.

8-2-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және қалдық суларды ағызудың Мемлекеттік кадастрын жүргізеді;

3) жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзудың салдарынан келтірілген зиянның мөлшерін айқындайды;

4) келісім-шарттың аумақтағы немесе оның шегінен тыс жерлердегі барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес және радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттар мен қалдық суларды көмуге арналған жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға рұқсат беруді келіседі.

Ескерту. 8-2-баппен толықтырылды - ҚР 2005.10.14 N 79 Зандарымен.

8-3-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де уәкілетті органдардың құзыреті

1. Сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы
уәкілетті орган : ор г а н :

1) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін
2 - б . қ а р а ң ы з) З а ң ы м е н .

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті
атқарушы органдарының облыстырың (республикалық маңызы бар қаланың,
астананың) аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін түзуі жөніндегі қызметіне
әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

3) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін
2 - б . қ а р а ң ы з) З а ң ы м е н .

4) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін
2 - б . қ а р а ң ы з) З а ң ы м е н .

5) Қазақстан Республикасында дамытылатын басым жоғары технологиялық
өндірістердің тізбесін құзыретті органмен келісім бойынша бекітеді;

6) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін
2 - б . қ а р а ң ы з) З а ң ы м е н .

7) Алынып тасталды - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін
2 - б . қ а р а ң ы з) З а ң ы м е н .

2. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың іске
асырылуын үйлестіруші уәкілетті орган:

1) кадрлардағы қазақстандық қамтуды есептеу әдістемесін құзыретті
органмен келісім бойынша әзірлейді және бекітеді;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы қазақстандық қамту
бойынша, сондай-ақ кемсітпеушілік негізінде олардың еңбек жағдайлары мен
еңбегіне ақы төлеуді қамтамасыз ету бойынша келісім-шарттық міндеттемелерді
орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады.

Ескерту. 8-3-баппен толықтырылды - ҚР 2005.10.14 N 79, өзгерту енгізілді -
2006.12.29 N 209, 2007.01.12 N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу
тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

9-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың құзыреті

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы
ор г а н д а р :

1) жер туралы заңдарға сәйкес, контрактыда белгіленген мөлшерде және
мерзімге жер қойнауын пайдаланушыға жер пайдалану құқығына жер участкесін
береді; қажет болған жағдайда көрсетілген мақсаттар үшін жер туралы заңдарда

анықталған тәртіппен жеке меншік иесінен немесе жер пайдалануышыдан жер
учаскесін алып қояды;

2) өздеріне заң актілері берген құзыret шегінде жер қойнауын пайдалану
операцияларын жүргізу үшін берілген жер және су участекелерінің қорғалуына,
жер қойнауын пайдалануышының экологиялық қауіпсіздік ережелерін бұзбауына,
археологиялық ескерткіштер және басқа тарихи-мәдени мұра объектілерінің
сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) контракт жасалған кезде аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық
және экологиялық мұдделерін сақтаумен байланысты мәселелерді шешу үшін
жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер жүргізуге қатысады;

3-1) жер қойнауын пайдалануышылардың тауарлардағы, жұмыстардағы,
көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы қазақстандық қамту мен
аумақтарды әлеуметтік дамыту бөлігінде, оның ішінде жер қойнауын пайдалану
жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың,
жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімі арқылы келісімшарттық
міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

3-2) жер қойнауын пайдалануышыларға Қазақстан Республикасының
зандарында белгіленген тәртіппен шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат береді;

3-3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде
пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және
оларды өндірушілердің тізілімін тұзу және жүргізу мақсатында құзыретті органға
тоқсан сайын табыс етілетін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың,
астананың) аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін тұзуді жүзеге асырады;

4) алынып тасталды - ҚР 1999.08.11 N 467 Заңымен;

5) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және бірлескен
барлау мен өндіруге келісім-шарттар жасасады, оларды тіркейді және орындаиды
;

5-1) жер қойнауын пайдалануға байланысты ғылыми, тарихи-мәдени және
естетикалық мәні бар объектілерді құру мен сақтауға жәрдемдеседі;

6) құзыретті орталық атқарушы органдармен келісе отырып, жергілікті
маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық,
геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілері мен экологиялық,
ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды, жергілікті маңызы бар
ерекше - қорғалатын табиғи аумақтардың санатына жатқызылған жер қойнауы
учаскелерінің тізбесін бекітеді.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.05.11 N 381, 1999.08.11 N 467,
2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2004.12.20 N 13 (2005

жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді), 2007.01.12. N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

3-тарау. Жер қойнауын пайдалану құқығы

10-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығы

1. Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай операцияларды жүргізу үшін беріледі:

1) жер қойнауын Мемлекеттік геологиялық зерделеу;

2) барлау;

3) өндіру;

3-1) бірлескен барлау және өндіру;

4) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану.

2. Жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен алынатын немесе алынбайтын, өтемді және өтемсіз болуы мүмкін.

3. Жер қойнауын пайдаланушыға жеке меншік немесе уақытша жер пайдалану құқығымен тиесілі жер участкеріндегі кең тараған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру жер қойнауын пайдаланудың тұрақты және өтемсіз құқығы бойынша жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану операцияларының басқа түрлерінің бәрі уақытша және өтемді жер қойнауын пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

4. Осы Занда және басқа заң актілерінде негіздерден өзге, ешкім жер қойнауын пайдалану құқығынан ажыратылмайды.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз) Зандарымен.

11-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері

1. Жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері қазақстандық және шетелдік жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.

2. (алынып тасталды)

3. Жер қойнауын тұрақты пайдаланушылар - олардың жер қойнауын пайдалану құқығының мерзімсіз сипаты бар тұлғалар.

Жер қойнауын уақытша пайдаланушылар - жер қойнауын пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген тұлғалар.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңымен.

11-1-бап. Жер қойнауын пайдалануды шектеу

1. Жер қойнауының жекелеген участкерін пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша елдің қауіпсіздігі мен қоршаған

ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін.

2. Елді мекендердің аумақтарында, қала маңы аймақтарында өнеркәсіп, көлік және байланыс объектілерінде жер қойнауларын пайдалануға, егер мұндай пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі, шаруашылық объектілеріне немесе қоршаған ортаға залал келтіруі мүмкін болатын жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ішінара немесе толық тыйым салынуы мүмкін.

3. Ерекше қорғалатын аумақтардың шектеріндегі жер қойнауларын пайдалану Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын аумақтары туралы зандарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Жаңа 11-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңымен.

11-2-бап. Сервитуттар

1. Жер қойнауы участкесіне сервитут мүдделі тұлғаға, егер мұндай тұлғаның қызметті занды жүзеге асыруы мұндай сервитут берілмей мүмкін болмайтын не мұндай тұлғаны шамадан тыс шығынға әкеп соғуы мүмкін жағдайда ғана берілуі мүмкін.

2. Сервитутты беруге, егер мұндай беру адамдардың өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға қатер төндіретін, сондай-ақ жер қойнауы участкесінде барлау және (немесе) Өндіру жүргізу мүмкін еместігіне не оның тиімсізділігіне әкеп согатын жағдайда тыйым салынады.

2-1. Сервитут алуға мүдделі тұлға (сервитут алуға үміткер) сервитутты алу үшін сервитут белгіленуі тиіс жер қойнауының участкесіне жер қойнауын пайдаланушымен сервитутты белгілеу мүмкіндігі туралы келісімге қол жеткізуге және сервитутты белгілеу туралы шарт жасасуға міндетті.

2-2. Сервитут алуға үміткер мен жер қойнауын пайдаланушы арасында сервитутты белгілеу мүмкіндігі туралы келісімге немесе сервитутты белгілеу шартының ережелеріне қол жеткізілмеген кезде, мүдделі тұлға сотқа жүгінуге құқылы.

3. Сервитутты беру құзыретті органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

3-1. Сервитут құзыретті органда тіркелуге жатады.

3-2. Жер қойнауының участкесіне сервитут белгілеу кезінде, егер сервитуттың талаптары туралы шартта немесе Қазақстан Республикасының зандарында езгеше көзделмесе, сервитуттың құқық иегері жер қойнауын пайдаланушының сервитутпен байланысты шығындарын өтеуге міндетті.

3-3. Сервитуттың талаптары туралы шартта сервитуттың құқық иегерінің жер қойнауын пайдаланушыға төлейтін төлемі көзделуі мүмкін.

3-4. Сервитут мерзімінің өтуімен не ол берілген негіздер тоқтатылған кезде тоқтатылады.

4. Сервитут мәміленің, соның ішінде сатып алу-сату мен кепілдің дербес нысанасы бола алмайды. Сервитут басқа тұлғаларға тек мұндай сервитутты қамтамасыз ету үшін берілген құқықпен бірге ғана ауысуы мүмкін. Сервитут жер қойнауын пайдалану құқығы берілген және жер қойнауын пайдалану құқығы сервитутпен ауыртпалық салынған жер қойнауы учаскесіне қатысты әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен басқа тұлғаға ауысқан жағдайда сақталады.

5. Сервитутты жер қойнауы учаскесінің бөлігіне беру осында сервитутты алу қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес жер учаскесіне сервитут беру үшін негіз болады.

Ескерту. Жаңа 11-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, өзгерту енгізілді - 2004.12.01. N 2 (кушіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының пайда болуы

1. Жер қойнауын пайдалану құқығы:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

2) жер қойнауын пайдалану құқығын өзгеге беру;

3) жер қойнауын пайдалану құқығы әмбебап құқықтық мұрагерлік тәртібімен ауысу жолымен пайда болады.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру тұлғаға жер қойнауын пайдалану құқығын мемлекеттің тікелей беруін білдіреді.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын өзгеге беру жер қойнауын пайдалану құқығын тұлғаға басқа жер қойнауын пайдаланушының беруін көрсетеді.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мұрагерлік тәртібімен көшуі заңды тұлғаның қайта құрылуы кезеңінде құқықтық мұрагерде жер қойнауын пайдалану құқығының пайда болғанын білдіреді.

5 . (а лы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңымен.

13-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру

1. Барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру, осы баптың 1-5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, контракт жасасу арқылы жүргізіледі.

1-1. Барлау, өндіру немесе бірлескен барлау мен өндіруге жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт конкурсы өткізудің нәтижелері негізінде жасалады.

Конкурс өткізбей тікелей келіссөздер негізінде:

1) барлауға арналған келісім-шарттың негізінде коммерциялық табумен байланысты өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға айрықша құқығы бар түлғамен бірлесіп өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалануға беру жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын темір жол мен автомобиль жолдарын және көпірлерді салу (реконструкциялау, жөндеу) кезінде кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге;

3) ұлттық компаниямен бірлесіп барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге келісім-шарттар жасалады.

1-2. Келісім-шарт аумағында немесе одан тыс жерлердегі барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес және радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды және ағынды суларды көмуге арналған жер асты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалануға беру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның жазбаша рұқсаты негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

1-3. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты және барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісім-шарттардың жұмыс бағдарламаларына құрамдас бөлік болып кіретін жер асты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға беруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру талап етілмейді.

1-4. Шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық мақсатқа арналған жер асты суларын тәулігіне елуден екі мың текше метрге дейін алу лимитімен өндіру құқығын беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган берген рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

1-5. Мердігерге пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес жер қабатына айдау үшін тәулігіне екі мың және одан да астам текше метр көлеміндегі өндірістік-техникалық жерасты суларын барлау және өндіру құқығын беру жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен рұқсат беруі жолымен жүзеге асырылады.

2. Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқару органымен контракт жасасу жолымен жүргізіледі.

2-1. (алынып тасталды)

3. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі үәкілетті органмен жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізуге шарт жасасу жолымен жүргізіледі.

4. Өз қажеті үшін кең таралған пайдалы қазбаларды және тәулігіне елу текше метрден аспайтын көлемде жерасты суларын өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру қойнауында кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бар жер участкесін жеке меншікке немесе жер пайдалануға берумен бір мезгілде жүргізіледі. Жер участкесін уақытша жер пайдалануға берген кезде өз қажеті үшін кең таралған пайдалы қазбаларды және тәулігіне елу текше метрден аспайтын көлемде жерасты суларын пайдалану талаптары уақытша жер пайдалану туралы шартта ескерілуі мүмкін.

4-1. Жер қойнауын пайдалану құқығы бірнеше тұлғаға берілуі мүмкін. Осындаидай беру жағдайында мұндай тұлғалар жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелері болып табылады. Мұндай тұлғалардың өзара құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ құзыретті органға қатысты құқықтары мен міндеттері контрактіде айқындалады. Жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелері контрактінің негізінде туындаитын міндеттемелер бойынша ортақ жарапты болады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, 2004.12.01. N 2 (құшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап құшіне енеді), 2005.10.14. N 79 , 2007.01.12. N 226 Зандарымен.

13-1-бап. Геологиялық және тау-кен бөлулері

1. Барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығының иегері жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды геологиялық немесе тау-кендік бөлуге сәйкес белгіленген жер қойнауы участкесінің шектерінде ғана жүргізуге құқылы.

2. Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының иегері барлау жөніндегі операцияларды тау-кендік бөлумен белгіленген жер қойнауы участкесінің шектерінде жүргізуге құқылы. Қорлар өсіп, оларды мемлекеттік сараптама растаған жағдайда келісім-шартқа тараптардың жазбаша келісімімен Қазақстан Республикасының Зандарында белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

3. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі үәкілетті орган конкурс жеңімпазының немесе осы Зандада көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығы конкурсында өткізбей ұсынылатын тұлғаның өтініш берген күнінен бастап жиырма күн ішінде оларға геологиялық бөлуді береді.

4. Тау-кендік бөлуді жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган конкурс жеңімпазына немесе осы Заңда көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығы конкурс өткізбей ұсынылатын тұлғаға, аталған тұлға тау-кендік бөлу жобасын ұсынған күннен бастап жиырма күннен кешіктіремей беді.

Ескерту. 13-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (кушіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.

14-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын басқа тұлғага беру

1. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығын ақылы не тегін негізде, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыру жолымен басқа тұлғаға ішінара немесе толықтай беруі, құрылатын заңды тұлғаның жарғылық қорына жарна ретінде беруді, жер қойнауын пайдалану құқығын жер қойнауын пайдаланушының банкроты кезінде конкурстық өндіріс процесінде не жер қойнауын пайдаланушыларды - мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру процесінде сатылатын мұліктік кешен құрамында беруді (жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғаның қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыруды), сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруді қоса алғанда, құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады. Құзыретті органның рұқсаты немесе рұқсат беруден дәлелді бас тартуы өтініш берген күннен бастап қырық бес күн ішінде беріледі.

1-1. Жер қойнауын пайдалану құқығы кепілге қойылып алынған кредит келісім-шартпен көзделген жер қойнауын пайдалану мақсаттарына ғана пайдаланылуға тиіс.

1-2. Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде кепілге салынған мұлікті өндіріп алу айналымы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

1-3. Жер қойнауын пайдалану құқығын сот қарауынан тыс мәжбүрлі түрде іске асыру кезінде мемлекеттік органдардың кепілге алынған мұлікті сот қарауынан тыс өткізу рәсімін тоқтата тұруға және жер қойнауын пайдалану құқығына, соның ішінде кепілге алынған мұлікке тыйым салу жолымен шара қолдануға құқығы жоқ.

2. Құзыретті органның нақты тұлғаға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсаты осындай әрбір жағдайда жеке беріледі. контрактта жер қойнауын

пайдалануышының қалауымен жер қойнауын пайдалану құқығын басқа тұлғаға беруге жер қойнауын пайдалануышының жалпы рұқсатын белгілеуге жол берілмейді.

3. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен контракттың негізінде жер қойнауын пайдаланушыға берілген жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге деген жер қойнауын пайдаланушының құқығын беру осы органның келісімімен жүргізіле алады.

4. Өз мұқтажын қанағаттандыруға қажетті кең тараған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын барлауға, өндірге және бірлескен барлау мен өндірге жер қойнауын пайдалану құқығын беру астында кең тараған пайдалы қазбалары немесе жерасты сулары бар жер участкесін жеке меншікке немесе жерді пайдалануға берумен қатар жүргізіледі. Жер участкесін уақытша жер пайдалануға берген ретте, кең тараған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өз мұқтажын қанағаттандыру үшін пайдалану шарттары уақытша жер пайдалану туралы шартта ескерілуі мүмкін.

Өз мұқтажын қанағаттандыруға қажетті кең тараған пайдалы қазбаларға және жерасты суларына арналған жер қойнауын пайдалану құқығын астында олар жатқан жер участкесінсіз беруге жол берілмейді.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, сондай-ақ заңдарда көзделген басқа да негіздер бойынша, осы баптың 1, 2, 3-тармақтарында көзделген ережелер сақтала отырып жүргізіледі. Осы баптың 1 және 9-1-тармақтарына сәйкес берілетін рұқсаттың болуынсыз жасалған жер қойнауын пайдалану құқығын өзгеге беру жөніндегі мәміле ол жасалған кезден бастап жарамсыз деп есептеледі.

6. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі барлық шығыс, егер беру шартында өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдаланушыға жүктеледі.

7. Жер қойнауын пайдаланушының контрактыға қандай болсын қатысы сақталып қалатын кезге дейін ол және жер қойнауын пайдалану құқығы ауысқан түлға контракт бойынша ортақ жауапкершілікте болады.

8. (алынып тасталды)

9. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер участкесін, тау-кендік және (немесе) геологиялық бөлуді қайта ресімдеуге, сондай-ақ жер участкесіне құқықты тіркеуге және зандарға сәйкес онымен мәміле жасасуға сөзсіз негіз болып табылады.

9-1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының өтініші мен оған қоса берілген жер қойнауын пайдаланушы пайдасына осындай беруді жүргізуге ниеттенген жеке және занды тұлға туралы ақпараттың негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған рұқсатты беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Құзыретті орган:

1) егер жер қойнауын пайдалану құқығын беру көзделген тұлға жер қойнауын пайдаланушыға келісім-шартпен жүктелетін міндеттемелерді немесе міндеттемелердің бір бөлігін (жер қойнауын пайдалану құқығы ішінәрберілген жағдайда) орындаға қабілетсіз болған;

2) жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға көрінеу жалған ақпарат берген;

3) егер жер қойнауын пайдалану құқығын беру елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталмауына әкеліп соққан жағдайларда, оның ішінде құқықтар келісім-шарт шенберінде шоғырландырылған және (немесе) құқықтар жер қойнауын пайдалану саласында операциялар жүргізуге шоғырландырылған жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беруден Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен баста

құқылыш.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дау айтылуы мүмкін.

9-2. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісім-шартқа тиісті өзгерістер немесе толықтырулар тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі. Құзыретті орган контрактіні тіркеуден жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі азаматтық-құқықтық мәміле жасасу фактісі болмаған жағдайда не жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға соның негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат берілген жалған ақпарат ұсынуы фактісі болған жағдайда не осы баптың 9-3 және 9-4-тар мақтартары сақталмаған жағдайда бас тартуға құқылы.

9-3. Жер қойнауын пайдалану құқығын басқа адамға ішінәрберен жағдайда жер қойнауын пайдаланушы мен осындай жеке немесе занды тұлға контракт бойынша құқықтарды бірлесіп жүзеге асыру мен міндеттерді орындау кезінде туындастын өзара міндеттемелер бойынша келісімге келуге тиіс. Жер қойнауын пайдаланушылардың арасындағы бірлескен қызмет туралы шарт не құқықтар мен міндеттерді осындай шектеу туралы өзге де шарт құзыретті органмен келісіледі және ол контрактінің тараптары үшін міндетті күші бар контрактіге қосымша болып табылады.

9-4. Иеленушілері бірнеше жеке немесе занды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдалану құқығының бөлігін берген жағдайда мұндай беру тек осы жер қойнауын пайдалану құқығының барлық осындай иеленушілерінің келісімімен ғана мүмкін болады.

10. Занды тұлғаны тарату тәртібімен беру, кепілге берілген жер қойнауын пайдалану құқығынан өндіріп алуды қолдану, сондай-ақ жер пайдалану құқығының мұраға берілу не занды тұлғаны қайта ұйымдастыру тәртібімен өтуі

жағдайларын қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығын келісімшарт күшіне енген кезден бастап екі жыл ішінде беруге болмайды.

Бұл шектеу ұлттық компания немесе оның еншілес ұйымы жер қойнауын пайдалану құқығын берген немесе иеленген жағдайларда қолданылмайды.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, 2004.12.01. N 2 , (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 , 2007.01.12. N 226 Заңдымен.

15-бап. <*>

Ескерту. 15-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңдымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

16-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының әмбебап құқықтық иелікке алу ретінде аудисуы

Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда оған тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығы азаматтық заңдар нормаларына сәйкес құқықтық мирасқорға (құқықтық мирасқорларға) аудисады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңдымен.

17-бап. Техногендік минералдық түзілімдерге байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Мемлекеттік меншікке жататын әрі нақтылы мемлекеттік кәсіпорындарға бекітіліп берілмеген техногендік минералдық түзілімдерден өндіру контрактқа сәйкес жалпы негіздерінде жүргізіледі.

2 . (алынып тасталды)

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңдымен.

18-бап. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді осы Заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар жүргізе алады.

2. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу кезіндегі жұмыстар (операциялар) өнірлік және геологиялық-түсіру жұмыстарын, геологиялық, геофизикалық, геохимиялық, гидрогеологиялық зерттеулер жүргізууді, іздестіру, іздестіру-бағалау, іздестіру-барлау және барлау жұмыстарын, мемлекеттік геологиялық карталар жасауды, жер қойнауын зерттеу және

пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді, өздігінен ағып шығатын гидрогеологиялық және мұнай ұнғымаларын жоюды және консервациялауды қамтуы мүмкін.

3. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бюджет қаражаты есебінен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылуы мүмкін.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.10.14. N 79 Заңымен.

**19-бап. Барлаумен және (немесе) Өндірумен байланысты
емес жерасты құрылыштарын салуды және (немесе)
пайдалануды, жүзеге асырудың ерекшеліктері**

1. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асырудың ерекшеліктерін, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібінің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуң шарттары мен тәртібі контрактімен айқындалады.

3. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, осы Заңың өндіруге қатысты нормалары қолданылады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңымен.

20-бап. Минералдық шикізатты бастапқы өндеу

1. Минералдық шикізатты бастапқы өндеу өндіруден кейінгі тікелей операция болып табылады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға жатпайды.

2. Минералдық шикізатты бастапқы өндеуді лицензиялау осы Заңың ережелеріне бағынбайды және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

Ескерту. 4-тарау мен 21-41-баптар алғып тасталды және жаңа 4-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңымен.

4-1-тарау. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсы

Ескерту. 4-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

41-1-бап. Барлауды, өндіруді және бірлескен барлау мен өндіруді жүргізу құқығын беру тәртібі

1. Құзыретті орган барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға жер қойнауы учаскелерінің тізбесі бойынша, сондай-ақ конкурс талабы ұлттық компанияның үlestік қатысуы болып табылатын жер қойнауы учаскелерінің тізбесі бойынша конкурс өткізеді.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсты осы Заңға сәйкес және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен құзыретті орган жүргізеді.

3. Барлауды, өндіруді және бірлескен барлау мен өндіруді жүргізу құқығын б е р у :

қазақстанның кадрларды, оның ішінде олардың санаттарын және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу деңгейін ескере отырып т а р т у жөніндегі ;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде мердігерлік жұмыстарға қазақстанның тауарларды өндірушілерді, жұмыс орындаушылар мен қызмет көрсетушілерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен конкурстық негізде тарту жөніндегі;

жоғары технологияларды, жана және өндіріштің өндірістерді, магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді өлеуекті қатысушылар қабылдаған кезде жүзеге асырылады.

4. Өнімдерді бөлу мәселелері бойынша арнайы заңдарда жер қойнауын пайдалану құқығын берудің ерекше тәртібі белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 41-1-бап жаңа редакцияда - КР 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2 -баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.01.12 N 226 Зандарымен.

41-2-бап. Барлауга, өндіруге не бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурс өткізудің шарттары

1. Барлауга, өндіруге не бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурс ашық және жабық болуы мүмкін.

Ашық конкурсты өткізудің шарттары жариялануға, ал жабығынің - барлық ықтимал қатысушылардың назарына жеткізілуге тиіс.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірген барлық тұлғалардың конкурсты өткізудің тәртібіне байланысты ақпаратты алуға құқығы бар.

2. Конкурсты өткізу туралы хабарламаларда мыналар болуы тиіс:

1) оның өткізілетін уақыты мен орны, сондай-ақ өтінімдер берудің мерзімі;

2) конкурстың негізгі шарттары;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін ұсынылу көзделген жер қойнауы участеклерінің орналасқан жерін көрсету.

Хабарламада сондай-ақ жазылым бонусының ең төменгі мөлшері, геологиялық ақпарат пакетінің, құзыретті орган белгілейтін конкурсқа қатысу құқығына арналған жарнаның құны көрсетіледі. Құзыретті орган тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен келісім-шарттық міндеттемелерде қолданылатын тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы қазақстандық қамту бойынша республика қажетінің ең төменгі проценттік мөлшерін айқындаиды.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жарияланады.

3. Конкурсқа қатысушыларға өтінім беру үшін берілетін мерзім бір айдан кем болмауға, ал кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - он күннен кем болмауға тиіс.

4. Конкурс шарттарының жарияланған күні мен конкурс өткізілетін (корытындылар шығарыла бастайтын) күннің арасындағы мерзім үш айдан кем болмауға, ал кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - бір айдан кем болмауға тиіс.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысқысы келетін тұлғалар құзыретті органдардағы конкурсқа ұсынылған жер қойнауы участеклерінің сипаттамасымен танысуға құқылды.

6. Конкурсқа қатысу жарнасы және геологиялық ақпарат пакетінің құны қайта рұлаға жарапайды.

Ескерту. 41-2-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қүшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2005.10.14 N 79, 2007.01.12. N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

41-3-бап. Конкурсқа қатысуға берілетін өтінім

Конкурсқа қатысуға берілетін өтінімде:

1) өтінім берушінің атауы оның орналасқан жері, мемлекеттік тиесілілігі (занды тұлғалар үшін), азаматтығы (жеке тұлғалар үшін);

2) өтініш беруші занды тұлғаның басшылары мен қатысушыларының немесе акционерлерінің жарғылық капиталдағы (дауыс беретін акциялары жалпы

санынан) үлестерінің мөлшерін көрсете отырып, олар туралы мәліметтер;

3) жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған жер қойнауы участекесінің аттауы;

4) өтінім берушінің конкурсқа қатысу үшін жарна төлегені туралы құжаттың көшірмесі болуға тиіс.

Ескерту. 41-3-баппен толықтырылды - ҚР 2005.10.14 N 79, өзгерту енгізілді - ҚР 2005.10.14 N 79, 2007.01.12. N 226 Зандарымен.

41-4-бап. Өтінімдерді қараудың тәртібі мен мерзімдері

1. Өтінім беруші осы Заңның 41-3-бабының талаптарын сақтаған жағдайда өтінім қарауға қабылданады. Құзыретті орган өтінімнің конкурсқа қатысуға қабылданғаны туралы оның келіп түскен күнінен бастап бір ай мерзімде, ал кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - он күн мерзімде өтінім берушіге ресми хабарлайды. Өтінімдердің сараптамасы конкурс процесінде жүргізіледі.

2. Конкурсқа қатысуға өтінім қабылданған соң өтінім берушіге құзыретті орган ақысын төлетіп жер қойнауы пайдалануға берілетін аумақтағы жер қойнауы участекесі жөніндегі геологиялық ақпарат пакетін береді. Пакетте өтінім берушіге жұмыс бағдарламасын және барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыру бойынша техникалық-экономикалық көрсеткіштерді әзірлеуі үшін қажетті геологиялық, тау-кен-техникалық, технологиялық және өзге де қолда бар ақпарат көлемі болуға тиіс. Өтінім берушінің алған геологиялық ақпаратты жария етуге немесе үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Ескерту. 41-4-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қүшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2005.10.14 N 79, 2007.01.12 N 226 Зандарымен.

41-5-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстық ұсыныс

1. Өтінім беруші конкурс талаптарымен белгіленген мерзімде барлауға, өндіруге немесе бірлесіп барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсынысты жасайды.

1-1. Конкурстық ұсыныс берген конкурсқа қатысушының конкурстық ұсыныстар беру аяқталған күннен бастап конкурс қорытындылары шығарылғанға дейін оны кері қайтарып алуға құқығы жоқ.

2. Барлауға, жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныста:

1) өтінім берушінің, соңғы бес жылда өзі қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, бұрынғы қызметі туралы ақпарат;

1-1) өтінім берушінің қаржылық, техникалық, басқарушылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері туралы деректер;

2) жұмыс бағдарламасы мен олардың жүзеге асырылуына арналған

шығындарды қоса алғанда, барлау жүргізу жөніндегі міндеттемелер мен ниеттер, сондай-ақ барлау жүргізудің басталу мерзімі мен қарқындылығы;

3) келісім-шарт аумағының жерлерін қайта қосыту мен қалпына келтіру туралы шарттарды қоса алғанда, экологиялық талаптарды және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын сактау жөніндегі міндеттемелері мен ниеті;

3-1) жерасты сулары мен кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныстарды қоспағанда, келісімшартқа қол қойылғанға дейін Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалардың қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты езара түсіністік туралы меморандумға қосылу жөніндегі міндеттемелер;

4) барлау жүргізуді өз қаражаты мен (немесе) қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру міндеттемелері мен ниеті, сондай-ақ бюджетке бастапқы төлемдердің мөлшері ;

4-1) өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымының дамуына қатысу жөніндегі міндеттемелері мен ниеті;

4-2) қазақстандық кадрларды тарту жөніндегі міндеттемелер және қазақстандық қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыруды үйымдастыру жөніндегі ұсыныстар ;

4-3) жұмыс істейтін қызметкерлердің жалпы санының проценті есебімен қазақстандық кадрларды, сондай-ақ келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жалпы құнының проценті есебімен конкурстық негізде сатып алынатын Қазақстанда шығарылатын тауарларды, қазақстандық өндірушілердің жұмыстары мен көрсететін қызметтерін міндетті түрде тарту ниеті;

4-4) жоғары технологияларды, жаңа және өндейтін өндірістерді дамыту мен магистральды және өзге де құбырларды пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді түрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсыныстар;

4-5) Қазақстан Республикасының аумағында келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті жобалау, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған қаражатты игеру жөніндегі міндеттемелері ;

5) алынып тасталды - ҚР 2007.01.12 N 226 Заңымен;

5-1) өтінім беруші ұсынған өзге де міндеттемелері мен ниеті болуға тиіс;

6) алынып тасталды - ҚР 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-б. қараңыз)

З аңымен .

3. Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстық ұсыныста, ақпараттан, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында жазылған, 2) тармақшасын қоспағанда, міндеттемелер мен ниеттен басқа:

1) өзі өндіруді үйғарып отырған пайдалы қазбалардың көлемін қоса алғанда,

кен орындарын игеру жоспары;

2) Өндіруді бастаудың күтіліп отырған мерзімі және оған қол жеткізудің экономикалық және техникалық мүмкін деңгейі;

3) Өндіруге байланысты шығыстар бойынша және пайдалы қазбаларды іске асырудан түсетін кірістер бойынша болжамдарды есептеу;

4) Қазақстан Республикасының бюджетке бастапқы, сондай-ақ кейінгі төлемдердің болжанған көлемі туралы ниеті мен контракт аумағының өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға салынатын күрделі салымдары
б о л у ғ а т и і с .

4. Бірлесіп барлау мен Өндіруге Құқық алуға конкурстық ұсныңыс осы баптың 2-3-тармақтарына сәйкес қалыптасуға тиіс.

5. Осы баптың 2-тармағына сәйкес конкурсқа қатысу барысында өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен ниет барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жұмыс бағдарламасына енгізіледі, ал осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес ұсынылған міндеттемелер мен ниет тиісінше өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жұмыс бағдарламасына немесе бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жұмыс бағдарламасына енгізіледі.

Ескеरту. 41-5-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (күшіне енү тәртібін 2-б. қараңыз), өзгерту енгізілді - ҚР 2005.10.14 N 79, 2007.01.09 N 213, 2007.01.12 N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз)
Зандарымен.

41-6-бап. Конкурсқа қатысу құқығынан бас тартылу

Конкурсқа қатысу құқығынан бас тартылу мынадай жағдайларда орын алуы мүмкін:

1) осы Заңның 41-3-бабының талаптарын бұза отырып конкурсқа қатысуға өтінім беру немесе 41-5-бабының талаптарын бұза отырып конкурстық ұсыныс беру;

2) өтінім берушінің жалған мәліметтерді ұсынуы;

3) өтінім берушінің конкурстық ұсынысында көрсетілген барлау мен (немесе) өндіру үшін қажетті техникалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және қаржылық мүмкіндіктерге ие екендігінің немесе ие болатындығының құжаттамалық айғақтарының конкурстық ұсыныста болмауы;

4) егер өтініш берушіге жер қойнауын пайдалану құқығын беру елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталмауына әкеп соқса, оның ішінде келісімшарт шенберіндегі құқықтар шоғырландырылған және (немесе) жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жургізуге арналған құқықтар шоғырландырылған жағдайда.

Конкурсқа қатысу құқығынан бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы

Ескерту. 41-6-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (күшіне енү тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2005.10.14 N 79, 2007.01.12 N 226 Заңдарымен.

41-7-бап. Конкурстың қорытындыларын шыгару

1. Конкурстың жеңімпазы мынадай басты өлшемдер жиынтығының негізінде анықталады:

- 1) барлауды жүргізудің басталу және қарқындылық мерзімі;
- 2) Өндіруді бастаудың және оның экономикалық техникалық мүмкін деңгейіне, сондай-ақ пайдалы қазбаларды барынша жоғары коэффициентіне жету м е р з і м і ;

3) жазылым бонусының мөлшері;

4) инвестициялардың мөлшері, жобаны қаржыландыру мерзімдері мен шарттары;

4-1) өңірді әлеуметтік дамытуға қатысуы;

5) жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақталуы;

6) жұмыс істейтін қызметкерлердің жалпы санының проценті есебімен қазақстандық кадрларды тарту жөніндегі қабылданған міндеттемелері және қазақстандық қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыруды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстары;

7) келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жалпы құнының проценті есебімен сатып алынатын Қазақстанда шыгарылатын тауарлар, қазақстандық өндірушілердің жұмыстары мен көрсететін қызметтері жөнінде қабылданған міндеттемелері;

7-1) Қазақстан Республикасының аумағында келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті жобалау, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған қаражатты игеру жөніндегі қабылданған міндеттемелері;

8) жоғары технологияларды, жаңа және өндейтін өндірістерді, магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсыныстары.

2. Конкурстық ұсыныстар жасаған өтінім берушілер арасынан конкурс жеңімпазын құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін конкурстық комиссия айқындейді, ал кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстар өткізілген кезде комиссия құрамын облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар айқындейді.

Конкурстың қорытындыларына сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

3. Конкурс жеңімпазы конкурстың ұсыныстарды қарау негізінде айқындалады.

4. Қорытындыларды шығару мерзімі конкурс шарттарымен белгіленеді, бірақ ол екі айдан, ал кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - он бес қуннен аспауға тиіс. Конкурстың қорытындыларын шығару мерзімі конкурстың комиссияның шешімімен

ұзартылуы

мүмкін.

5. Бір ғана конкурстың өтінім не бір конкурстың ұсыныс түскен жағдайда осы объект бойынша конкурс өтпеген деп танылады. Конкурс өтпеген деп танылған кезде құзыретті орган қайтадан конкурс белгілеуі мүмкін. Қайтадан өткізілетін конкурсқа конкурстың ұсыныс берген бір ғана қатысушы қатысқан жағдайда, мұндай қатысушы конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер бір ғана конкурстың ұсыныстың түсіне байланысты конкурс өтпеген деп танылса, қайтадан өткізілетін конкурс кезінде бұрын геологиялық ақпарат пакетін сатып алған қатысушыдан конкурсқа қатысу үшін жарна және геологиялық ақпараттар пакетінің құны өндіріп алынбайды.

5-1. Қандай да бір объект бойынша конкурстың ұсыныстардың мазмұны салыстырмалы түрде тең болған кезде конкурстың комиссия конкурстың ұсыныстары неғұрлым жақсы деп танылған конкурсқа қатысушылар енгізілетін "қысқа" тізім жасайды. Жеңімпазды анықтау мақсатында конкурстың комиссия "қысқа" тізімге енгізілген конкурсқа қатысушылар өздерінің конкурстың ұсыныстарын жақсартуға құқылы мерзімді белгілейді. Конкурстың ұсыныстарды жақсарту үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін конкурстың комиссия "қысқа" тізімге енгізілген конкурсқа қатысушылардың арасынан жеңімпазды айқындалады.

6. Конкурстың комиссияның конкурс жеңімпазын анықтау немесе конкурсты өткен жоқ деп тану жөніндегі шешімі хаттамамен ресімделеді.

7. Конкурс нәтижелері ресми баспа басылымында жариялануға тиіс.

8. Жер қойнауы участкесінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін конкурс жеңімпазы құзыретті органмен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісім-шарт жасасады. Жер қойнауын пайдалану құқығы тек келісім-шарт тіркелген кезден бастап қана берілген және туындаған д е п

е с е п т е л е д і .

9. Конкурс жеңімпазы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың жобасын конкурс жеңімпазы деп тану туралы шешім шығарылған қуннен бастап жеті ай ішінде табыс етпеген жағдайда, конкурстың комиссия жер қойнауын пайдалану құқығын алуға өтінім берушіні конкурс жеңімпазы деп тану туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жояды.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт осы объект бойынша конкурс жеңімпазы анықталған күннен бастап он сегіз ай ішінде жасалмаған жағдайда, конкурстық комиссия жер қойнауын пайдалану құқығын алуға өтінім берушіні конкурс жеңімпазы деп айқындау туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жояды.

Ескерту. 41-7-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2005.10.14 N 79, 2007.01.12 N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

41-8-бап. <*>

Ескерту. 41-8-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.01 N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз).

5-тарау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттар

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.01 N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз).

42-бап. Контрактылар түрлері

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін келісім-шарттардың мынадай түрлері қолданылады:

1) алынып тасталды - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
2) концессия туралы;

3) мердігерлік және өтемді қызметтер көрсету (сервистік келісім-шарт) туралы.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі нақты операциялар талаптарына және басқа да мән-жайларға байланысты келісім-шарттардың аралас және өзге де түрлеріне жол беріледі.

Келісім-шартты жасасу, орындау, өзгерту немесе тоқтату осы Заңға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. алынып тасталды - ҚР 2004.12.01 N 2 Заңымен.

2-1. Келісім-шарт талаптары тараптардың өзара келісімімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келуге тиіс.

2-2. Келісім-шарт талаптарының Қазақстан Республикасына қатысты тиімділігі конкурстық ұсыныс талаптарымен салыстырғанда аз болуы мүмкін емес. Бұл ретте салық салу ережелері Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес белгіленеді. Келісім-шарт талаптарында жер қойнауын пайдалануышының қабылдаған міндеттерін орындағаны үшін, оның ішінде тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы

қазақстандық қамту бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар мен өсімпұлдар) көлемі көрсетілуғе тиіс.

2-3. Жұмыс бағдарламасы келісім-шартқа міндетті қосымша болып табылады және ол жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс;

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен жұмыс бағдарламасын келісу келісімшартты сараптамадан өткізумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

2-4. Келісімшарттың талаптарында мердігердің тартылған шетелдік персоналға қатысты алғанда, қосалқы мердігерлік жұмыстармен айналысадын персоналды қоса, қазақстандық персонал үшін тең еңбек жағдайларын және еңбегіне ақы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері, сондай-ақ кадрлардағы қазақстандық қамту жөніндегі міндеттемелері көзделуге тиіс.

3. Бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі жұмыстарды (операцияларды) жүргізуге арналған келісім-шартты жасасу кезінде тараптар барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты шарттарды келісуі мүмкін. Өндіру жөніндегі жұмыстарды (операцияларды) жүргізуге байланысты талаптар не бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі жұмыстарды (операцияларды) жүргізуге арналған келісім-шартты жасасу кезінде не коммерциялық табу жасалғаннан кейін келісілуі мүмкін.

Ескеरту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - КР 1999.08.11 N 467-І, 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.14 N 79, 2007.01.12 N 226, 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

43-бап. Контрактінің қолданылу мерзімі

1. Барлауға контракт алты жылға дейінгі мерзімге жасалады. Мердігер контрактіде, жұмыс бағдарламасында және жылдық жұмыс бағдарламаларында белгіленген міндеттемелерді орындаған жағдайда мердігердің контрактінің қолданылу мерзімін ұзартуға құқығы бар. контрактінің қолданылу мерзімі әрбір кезеңі ұзақтығы екі жылға дейін болып екі рет ұзартылуы мүмкін. Егер мердігер мерзімді ұзарту үшін контрактінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей өтініш жасаған болса, барлауға контрактінің мерзімі ұзаралы

2. Өндіруге арналған келісім-шарт - жиырма бес жылға дейінгі мерзімге, ал пайдалы қазбаларының қорлары мол және бірегей кен орындары бойынша қырық бес жылға дейінгі мерзімге жасалады. Өндіруге арналған келісім-шарттың мерзімі, егер жер қойнауын пайдаланушы мерзімді ұзарту үшін келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін он екі айдан кешіктірмей өтініш жасаса, ұзартылуы мүмкін.

3. Бірлескен барлау мен өндіруге контракт мүмкін болатын ұзарту мерзімдері ескеріле отырып, барлау мен өндірудің мерзімін қамтитын мерзімге жасалады. Үл ретте мерзімдерді ұзартуға осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген

ережелер қолданылады.

4. Пайдалы қазба табылған жағдайда контрактінің қолданылу мерзімін коммерциялық табуды бағалау үшін мердігердің қажет кезеңге ұзартуға құқығы бар.

5. Контрактінің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінім ол құзыретті органға келіп түскен күнінен бастап үш айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.08.11 N 467-І, өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

43-1-бап. Контрактінің қолданылуының аумақтық аясы (контрактлік аумақ)

1. Контрактлік аумақтың шегінде жер қойнауының бір-бірімен өзара аралас ретінде де, бөлек те бір учаскесі немесе жер қойнауының бірнеше учаскесі болуы мүмкін. Контрактлік аумақтың шегінде бөлінетін жер қойнауы учаскесі (жер қойнауы учаскелері) белгілі бір тереңдікпен шектеліне алады (шектелінуі мүмкін).

2. Егер барлауды және (немесе) өндіруді жүргізген кезде кен орны географиялық шекараларының (құрлықта немесе теңізде орналасқанына қарамастан) көрсетілген геологиялық немесе тау-кендік бөлудегі келісім-шарттық аумақ шегінен шығып кеткені байқалса, онда оны кеңейту туралы мәселені құзыретті орган конкурс өткізбестен келісім-шарт талаптарын

өзгерту арқылы шешүге тиіс.

3. Контрактінің аумағын қайтарудың шарттары мен тәртібі контрактіде

ақындалады.

4. Контракт аумағының бөліктерін қайтару, контракт аумағынан осындағы геологиялық бөлуден қайтарылатын бөліктерді қоспағанда, геологиялық бөлуді қайта ресімдеу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. Жаңа 43-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.08.11 N 467-І, өзгерту енгізілді - 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.14 N 79 Зандарымен.

44-бап. Келісім-шарт жасасу және оны орындау

1. Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт жобасын конкурсстық комиссия конкурс жеңімпазы туралы шешім қабылдаған кезден бастап жеті ай ішінде ұсынады. Құзыретті орган келісім-шарттың талаптарын жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер арқылы келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тараптармен келісілген келісім-шарт жобасына оған қол қойылғанға дейін бір ай мерзім ішінде құқықтық,

экологиялық, экономикалық және салықтық, денсаулық сақтау және санитария, жер қойнауын зерттеу және пайдалану, тау-кен қадағалау мәселелері бойынша міндетті сараптамалар жасалуға тиіс.

Сараптама қорытындыларын тиісті мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес береді. Қажетті сараптамалар жүргізілгенен кейін құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттың түпкілікті талаптарын келіседі.

3. Келісім-шартты құзыретті орган тіркеуге тиіс. Егер келісім-шарттың құшіне енуінің өзге де неғұрлым кеш мерзімдері келісім-шартта айтылmasa, тіркелген кезден бастап құшіне енеді.

4. алынып тасталды - ҚР 2005.10.14 N 79 Заңымен.

5. Келісім-шартты жасау жер қойнауын пайдаланушы өтініш берген күннен бастап отыз күн ішінде жергілікті атқарушы органдардың дереу ресімдеуі үшін негіз болып табылады. Үшінші тұлғалардың меншігіндегі немесе пайдалануындағы жер участекерін беру Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте ресімделетін жер участекесінің кеңістік шекаралары жер қойнауын пайдаланушы жер участекесін іс жүзінде пайдалану мерзімдерінің шегінде жердің үстінгі бетін бұза отырып іс жүзінде пайдаланатын аумақпен шектеледі.

6. алынып тасталды - ҚР 2005.10.14 N 79 Заңымен.

7. Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасасқан кездегі, оның ішінде тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы қазақстандық қамту жөніндегі бойынша міндеттемелерін орындауы келісім-шартта белгіленген айыппұлдар мен өсімпұлдарды қолдануға әке п соғады.

Ескерту. 44-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.01 N 2 (құшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.14 N 79, 2007.01.12 N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз)

45-бап. Контрактіні жарамсыз деп тану

1. Контракт мынадай жағдайларда:

1) сот тәртібімен Құзыретті органға осы тұлғамен Контракт жасауға шешім қабылдауға ықпал еткен көрінеу жалған ақпарат беру фактісі анықталған жағдайда;

2) сот тәртібімен конкурсты жүргізуге не жер қойнауын пайдалану құқығын алуды ұтып алған үміткермен оған басқа үміткерлердің алдында заңсыз басымдықтар беру мақсатында Контракт жасасуға қатысуши лауазымды адамдардың арасында сөз байласу, бюджетке төленетін төлемдердің шарттарын ырықтандыру және олардың мөлшерін азайту фактілері анықталған жағдайда;

3) қолданылуы Контракт жасасуға тікелей ықпал еткен шарттың күшін сот тәртібімен жою кезінде жарамсыз деп табылады.

2. Контрактінің жарамсыз деп тану үшін соттың осы баптың 1-тармағында көрсетілген фактілердің болғандығын растайтын шешімінің немесе үкімінің заңды күшіне енуі негіз болып табылады. Контракт ол жасалған кезден бастап жарамсыз деп есептеледі.

3. Сот тәртібімен оның негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру және қайта ресімдеу жүзеге асырылған шартты жою не бұзу Контрактінің өзінің емес, жер қойнауын пайдалану құқығын осындай берумен байланысты қабылданған өзгерістер мен толықтырулардың жарамсыздығына әкеліп соғады.

Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - КР 1999.08.11 N 467-І Заңымен.

4 5 - 1 - б а п . < * >

Ескерту. 45-1-бап алынып тасталды - КР 2006.12.29 N 209 Заңымен.

45-2-бап. Келісімшартты өзгерту және тоқтату

1. Егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы участеклеріне (кен орындарына) қатысты жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретіндегі елеулі түрде өзгертуге әкеп соқса, құзыретті орган Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қалпына келтіру мақсатында келісімшарттардың талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге құқылы.

2. Құзыретті орган келісімшартты мынадай жағдайларда:

1) мердігер барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуді тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға әкеп соққан себептерді жоюдан бас тартқан кезде, не осы себептер оларды жою үшін жеткілікті мерзімде жойылмаған кезде;

2) жер қойнауын пайдаланушылар осы Заңның 70-бабында көзделген шараларды қолданбаған кезде;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұруға әкеп соққан себептерді жою мүмкін болмаған кезде;

4) мердігер келісімшартта не жұмыс бағдарламасында белгіленген міндеттемелерін елеулі түрде бұзған кезде;

5) жер қойнауын пайдалану құқығы осы Заңға сәйкес кепіл нысанасы болып табылатын жағдайды қоспағанда, мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп танылған кезде;

6) осы Заңның 71-бабының мемлекеттің басым құқығына қатысты үшінші бөлігі орындалмаған кезде;

7) егер жер қойнауын пайдаланушы осы баптың 1-тармағына сәйкес құзыретті органнан келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде мұндай келіссөздер жүргізуге келісімін не оларды жүргізуден бас тартатынын жазбаша түрде табыс етпесе;

8) егер жер қойнауын пайдаланушиның келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге келісімі алғынған күннен бастап төрт айға дейінгі мерзімде тараптар осы баптың 1-тармағына сәйкес келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келісімге қол жеткізбесе;

9) егер Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қалпына келтіру жөнінде келісілген шешімге қол жеткізілген күннен бастап алты айға дейінгі мерзімде тараптар осы баптың 1-тармағына сәйкес келісімшарт талаптарын өзгертуге және (немесе) толықтыруға қол қоймаса, біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

3. Құзыретті орган келісімшартты бұзу туралы тиісті шешім қабылдағанға дейін мердігерге хабарлама жіберу арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді дереу тоқтатуды талап етуге құқылы, ал мердігер мұндай талапты дереу орындауға міндетті.

4. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және келісімшартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана келісімшарттың қолданысын тоқтатуы немесе талаптарын өзгертуі мүмкін.

5. Тараптар келісімшарттың қолданысы тоқтатылған немесе талаптары өзгертілген кезде орындалмай қалған ағымдағы міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

6. Келісімшарттың қолданысын тоқтату жер қойнауын пайдаланушины Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тарату жобасына сәйкес келісімшарт аумағын халықтың денсаулығы мен өміріне және қоршаған орта үшін қауіпсіз болатын жағдайға дейін қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Ескерту. 45-2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.10.24.
N 2 Заңымен.

45-3-бап. Келісімшартты орындаудан біржақты бас тарту

1. Егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне (кен орындарына) қатысты жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушиның іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретіндей елеулі түрде өзгертуге әкеп соқса, құзыретті орган Үкіметтің бастамасы бойынша келісімшартты орындаудан біржақты бас тартуға құқылы.

2. Келісімшартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда құзыретті орган бұл туралы жер қойнауын пайдаланушыға кемінде екі ай бұрын ескертуге тиіс.

Ескерту. 45-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.10.24. N 2 Заңымен.

46-бап. <*>

Ескерту. 46-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

6-тарау. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану

Ескерту. 6-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Зандарымен.

47-бап. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын зерттеу мен пайдаланудың міндеттері

Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу және пайдалану:

- 1) халықтың денсаулығын және өмірін қорғау;
- 2) жер қойнауының ресурстарын тиімді және кешенді пайдалану;
- 3) табиғи ландшафттарды сақтау және бүлінген жерлерді, өзге де геоморфорологиялық құрылымдарды қалпына келтіру;
- 4) жер сілкінуді, көшкінді, су басуды, топырақтың отыруын болдырмау мақсатында жер қойнауының үстіңгі бөліктерінің энергетикалық жай-күйін сақтау;
- 5) су объектілерінің табиғи жағдайын сақтауды қамтамасыз ету бағыттарына негізделген құқықтық, үйымдастыру, экономикалық, технологиялық жүйелерді және басқа шараларды қамтиды.

Ескерту. 47-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Зандарымен.

48-бап. Жалпы экологиялық талаптар

1. Жер қойнауын пайдаланудың барлық сатыларында болжауды, жоспарлауды, жобалауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген экологиялық талаптар басымдық ретте сақталуға тиіс.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын негізгі талаптар:

1) кен орнын игерудің арнаулы тәсілдерін қолдану есебінен жердің үстіндегі қабатын сақтау;

2) жердің техногендік шөлейттенуін болдырмау;

3) жер қойнауын пайдалану операциялары басталмай тұрып, табиғатты қорғау органдарымен келісілген автомобиль жолдарын салудың тиімді сыйбасын жасау, сондай-ақ скважиналарды бұрғылауда тармақты әдісті қолдану, ішкі үйінділер жасау технологиясын қолдану, минералдық шикізатты өндіру мен өндеудің қалдықтарын пайдалану арқылы бұзылатын және бұлінетін жерлердің аумағын азайту;

4) топырактың, аршу жыныстары үйінділерінің және өндіріс қалдықтарының жел эрозиясын, олардың тотықтануын және өздігінен жануын болдырмау;

5) сіңірме және тұщы су қабаттарын ластанудан сақтау үшін оқшаулау;

6) жер үсті және жер асты суларын сарқылудан және ластанудан сақтау;

7) жуғыш сұйықтарды дайындағанда усыз реагенттерді пайдалану;

8) бұрғылау ерітінділерін тазалау мен қайталап пайдалану;

9) қоршаған ортада бұрғылау мен жанар-жағармай материалдарының қалдықтарын экологиялық қауіпсіз тәсілмен жою;

10) мұнай кен орындарында қабатаралық қысымды сақтау жүйесінде мұнай өндірісі сарқынды суларын тазалау және қайталап қолдану;

11) ластайтын заттарды атмосфералық ауаға шығаруды болғызбау;

12) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен бекітілген кен орындарын жою (консервациялау) жобасы бойынша қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарларын жою.

Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2007.01.09. N 213 Зандарымен.

48-1-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды сақтық аймағының шегінде жүргізу

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды сақтық аймағының шегінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі осы операцияларды судың деңгейінің көтерілуі жағдайында теңіздің ластануын болдырмайтындей немесе барынша төмендететіндей етіп жүргізуге міндетті.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды сақтық аймағының шегінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі жүргізілген операциялардың және мұндай жерқойнауын пайдаланушының кінәсі болу-болмауына қарамастан су деңгейінің көтерілуінің нәтижесінде теңіздің ластануы жағдайында қоршаған ортаға не жеке немесе

занды тұлғаларға келтірілген зиян мен залал үшін жауапкершілікте болады.

Ескерту. Жаңа 48-1-баппен толықтырылды - Қазақстян Республикасының 1999.08.11. N 467 -I Заңымен.

48-2-бап. Тарату қоры

Тарату қорына аударымдардың мөлшері мен тәртібі келісім-шартпен белгіленеді. Тарату қорының қаражатын пайдалану құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату және консервациялау ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 48-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (кушіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

49-бап. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар

1. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, соның ішінде өндіруге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін берілетін пайдалы қазбалар, кен орындары жерқойнауы участеклері қорының ауқымы мен құрылымын нақтылы бағалау үшін жер қойнауын ілгерілей геологиялық зерттеудің толымдылығын қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық сатыларында жер қойнауы ресурстарын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) бай участеклерді таңдал игеруге жол бермей пайдалы қазбаларды жер қойнауынан бөліп алушың толымдылығын қамтамасыз ету;

4) кен орнын игеру кезінде айырып алынған және жер қойнауында қалдырылатын негізгі және онымен бірге орналасқан пайдалы қазбаларды және қосалқы компоненттерді, соның ішінде минералдық шикізатты, өндіру өнімдері мен өндіріс қалдықтарын нақты есепке алу;

4-1) бастапқы өндіру деректері бойынша мемлекеттік баланста есепте тұрған пайдалы қазбалар қорларын түзетуді жою;

5) су жинау аландарында және жер асты сулары жинақталған жерлерде ауыз сумен немесе өнеркәсіптік сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жиналуын болғызбау;

6) жер қойнауын кен орындарының сапасын төмендететін немесе оларды пайдалануды және игеруді қурделілендіретін су басудан, өрттен және басқа сұрапыл факторлардан қорғау;

7) жер қойнауын пайдалану, әсіресе мұнайды, газды және басқа заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму,

қалдық суларды ағызу жөніндегі операцияларды жүргізуде жер қойнауын ластанудан сақтау;

8) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата туру, доғару, кен орнын игеру объектілерін тоқтатып қою мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау;

9) өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды үю мен орналастыру кезінде олардың су ағызатын аландарда және жер асты сулары орналасқан жерлерде жиналуды болдырмай мақсатында экологиялық талаптарды қамтамасыз ету.

2. Жер қойнауын қорғаудың негізін жер қойнауын пайдалану объектілерін геологиялық, гидрогеологиялық, экологиялық, инженерлік-геологиялық және технологиялық зерделеудің толымдылығы мен дәлдігі құрайды.

3. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан зиян келтірген тұлғалар, егер зиян еңсерілмейтін қүштің салдарынан болғандығын дәлелдей алмаса, онда келтірілген зиянды нақты залал көлемінде өтеуге міндетті.

4. Жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзудың салдарынан келтірілген зиянның көлемін жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4-1. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзудың салдарынан келтірілген зиянның көлемін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

5. Зиянның көлемін анықтауға байланысты туындастын дауларды Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарында айқындалатын тәртіппен сот шешеді.

Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, 2004.12.01. N 2 (қүшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 , 2007.01.09. N 213 Зандарымен.

50-бап. Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізудің экологиялық негізі

1. Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін осы операцияларды жүргізуге мемлекеттік экологиялық сараптама берген онды қорытынды және соның негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның міндетті шарт ретінде келісім-шартқа тиісті экологиялық талаптарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес берген экологиялық рұқсаты қажетті экологиялық негіз болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдалану мемлекеттік экологиялық сараптамаға жоспарланған іс-қимылдардың қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баға берген барлық жобалау алдындағы және жобалық құжаттарды және барлау мен өндіру,

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтату, немесе кен орнын игеруді тоқтатып қою кезеңдеріндегі шараларды қоса "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімін тапсыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 50-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79, 2007.01.09. N 213 Заңдарымен.

51-бап. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылаудың міндеті жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауының ластануын болғызбау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту бөлігінде сақталуын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау:

- 1) жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік мониторингін;
- 2) жер қойнауын қорғау саласына жататын лицензиялық-келісім-шарттық талаптардың сақталуын бақылауды;
- 3) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивтік қалдықтарды көмуді және қалдық суларды ағызууды бақылауды;
- 4) жер қойнауының кен орны мен қоршаған ортаның бүлінуіне әкеп соғатын ластанудан, су басудан, өрттен және техногендік процестерден сақталуын бақылауды;
- 5) жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануын және жойылуын бақылауды;
- 6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды қамтиды.

Ескерту. 51-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.10.14. N 79 Заңымен.

51-1-бап. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылауды жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау міндеті жер қойнауын пайдаланушылардың кен орындарын іздестіру және бағалау, өндіру кезінде минералды шикізатты ұтымды және кешенді пайдалану, өндіруге байланысты емес жерасты құрылыштарын салу және пайдалану үшін

геологиялық зерттеу және жер қойнауы участекелерін бағалау кезінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау:

1) қорларды ашуды, дайындауды және қазып алуды қамтамасыз ететін, кен орындарының бай участекелерін таңдап игеруді болғызбайтын жер қойнауын геологиялық зерттеу мен пайдалануды, кен орындарын игерудің техникалық жобалары шешімдерінің сақталуын бақылауды;

2) пайдалы қазбалардың сыртқа шығарылатын және жер қойнауында қалдырылатын қорлары мен оларды өндіру кезіндегі ысырапты есепке алудың дұрыстығын бақылауды қамтиды.

Ескерту. 51-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.10.14. N 79 Заңымен.

52-бап. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелері

1. Ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелері ерекше күзетілетін құқықтық режимі болатын не мемлекеттік табиғи-қорық қорының дағдылы, бірегей және сирек кездесетін геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін сақтауға арналған шаруашылық қызметі реттелетін режимдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады.

Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелеріне мыналар жатады:

геологиялық объектілер - тіректі немесе сипатты тілімдер, сипатты тектоникалық құрылымдар, сирек кездесетін тау жыныстары мен минералдар, метеориттер, сакталынып қалған фауна мен флора қалдықтары бар табиғи және жасанды түрде аршылған жерлер;

геоморфологиялық объектілер - жер бедерінің жасалу процесін айқын көрсететін және туризм мен рекреация үшін ерекше құнды террастар, жайылмалар, үңгірлер, сайлар, каньондар, сарқырамалар мен жер бедерінің басқа да нысандары;

гидрогеологиялық объектілер - бірегей және сирек кездесетін қасиеттерімен ерекшеленетін жер асты сулары және олардың жер бетіне шығатын тұстары;

жартастардағы суреттері, ертедегі кен орындары, тарихи, археологиялық және этнографиялық жағынан маңызды жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да объектілері бар жер қойнауы участекелері.

2. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелері жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатады.

3. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелерін өзге қажеттер үшін алып қоюға жол берілмейді.

Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 Занымен.

52-1-бап. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелерін қорғау мен пайдаланудың ерекшеліктері

1. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелерін қорғау мен пайдаланудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы зандарымен белгіленеді.

2. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушылар тиісті участекеде жұмысты тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Ескерту. 52-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381, өзгерту енгізілді - 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Зандарымен.

53-бап. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыш салу шарттары

1. Елді мекендерді, өндірістік кешендерді және басқа шаруашылық объектілерін жобалауға және салуга рұқсат жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның болашақ құрылыш участекелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы немесе оның маңызы аздығы жайындағы қорытындыларын алғаннан кейін ғана беріледі.

2. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыш салу, сондай-ақ олар жатқан орындарда жер асты құрылыштарын салу, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі және өнеркәсіpte жұмыстардың қауіпсіз жүргізуін қадағалау және тау-кенді қадағалау жөніндегі уәкілетті органдардың рұқсатымен пайдалы қазбаларды өндіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылыш салудың экономикалық тиімділігі дәлелденген жағдайда жүргізіледі.

3. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда рұқсатсыз құрылыш салу оған контракт аумағының жерлерін қалпына келтіруге және салынған объектілерді қайта бұзуға кеткен шығындардың қайтарымынсыз тоқтатылады.

Ескерту. 53-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.10.14. N 79 Зандарымен.

7-тaraу. Халықтың және қызметкерлердің қауіпсіздігі

54-бап. Жер қойнауын пайдалануда халықтың және қызметкерлердің қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз ету

1. Жер қойнауын пайдаланушы заңда көзделген жұмыс жүргізу қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері орындалуын, сондай-ақ авариялардың, жазатайым оқиғалар мен кәсіптік арулардың алдын алу және оны жою жөніндегі шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Егер адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын болса, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

3. Жер қойнауын пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік және өндірістік санитарлық ережелері мен нормаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды өнеркәсіпте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кен қадағалауы жөніндегі уәкілетті орган және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі талаптары мыналар болып табылады:

1) жұмысқа арнаулы дайындығы және мамандығы бар адамдарды, ал тау-кен жұмыстарын басқаруға тиісті арнаулы білімі бар адамдарды жіберу;

2) тау-кен және бұрғылау жұмыстарындағы адамдарды арнаулы киімдермен, дербес және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптары мен санитарлық нормаларға сай келетін машиналарды, жабдықтар мен заттарды қолдану;

4) қопарғыш заттар мен қопару құралдарын, есепке алу және дұрыс сақтау, сондай-ақ оларды орнымен және қауіпсіз пайдалану;

5) жұмыстың технологиялық циклын қамтамасыз етуге қажет және қауіпті жағдайларды болжауға жеткілікті геологиялық, маркшейдерлік және басқа бақылаулар кешенін жүргізу, қауіпті аймақтарды уақытыны анықтау және оны тау-кен жұмыстары жоспарына түсіру;

6) кеништің атмосферасының жай-күйін, ондағы оттегі мөлшерін, зиянды және жарылғыш қауіпті газдар мен тозандарды ұдайы бақылау;

7) жұмысты жүргізудің қауіпсіз аймақтарының шектерін анықтайтын техникалық құжаттамалары мен аварияларды жоюдың жоспарларын мәліметтермен уақытылы толықтыру;

8) қатқыл пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің, мұнай, газ және жер асты суларының кен орындарын игерудің және құрудың жобалары мен технологиялық сыйбаларын жобалау жүйелерін сақтау;

9) газдардың күтпеген жерден шығарылуын, судың, пайдалы қазбалардың және кен жыныстарының сыртқа жарып шығып кетуін, сондай-ақ тау соққыларын болжау және алдын алу жөніндегі арнайы іс-шараларды жүзеге асыру.

5. Жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп туған жағдайда жер қойнауын пайдаланушылардың лауазымды адамдары жұмысты дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жер қойнауын пайдалану операциялары әсер ететін аймақтарда халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп туған жағдайда тиісті ұйымдардың басшылары бұл туралы жергілікті атқаруши органдарға кідіріссіз баяндауға міндетті.

6-1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар әсер ететін аймақта халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы жұмысты тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны қайта бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қауіпті әсер ету аймағынан халық көшірілгеннен кейін ғана жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қайта бастауға құқылы.

7. Жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережеге сәйкес құтқару қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Зандарымен.

8-тарау. Жер қойнауының мемлекеттік қоры

55-бап. Жер қойнауы Мемлекеттік қорының жай-күйін есепке алу

1. Жер қойнауының мемлекеттік қоры Қазақстан Республикасының жер қойнауларынан құралады.

2. Жер қойнауының мемлекеттік қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында мыналар жүргізіледі:

- 1) жер қойнауының мемлекеттік мониторингі;
- 2) жер қойнауына мемлекеттік сараптама;
- 3) геологиялық ақпаратты мемлекеттік сақтау;
- 4) пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансын жасау;
- 5) мыналарға:

- а) пайдалы қазбалар кен орындары мен көрініс - белгілеріне;
- ә) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивтік қалдықтарды қометін және қалдық суларды ағызатын орындарға;
- б) техногендік минералдық түзілімдерге мемлекеттік кадастрлар жасау.

3. Жер қойнауын пайдаланушылар алғашқы есепке алу материалдарына негізделген жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнаулы нысандарға сәйкес береді.

Ескерту. 55-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

56-бап. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі

1. Жер қойнауының мемлекеттік Мониторингі жер қойнауының мемлекеттік қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, олардың өзгеруін уақытылы анықтау және бағалау, келенсіз процестердің зардаптарының алдын алу және жою үшін жер қойнауының жай-күйін бақылау жүйесі болып табылады.

2. алып тасталды

3. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингінің құрылымын, мазмұнын және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

Ескерту. 56-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

57-бап. Жер қойнауын мемлекеттік сараптама

1. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануға жағдайлар жасау, жер қойнауын пайдалануға төлемдерді, жер қойнауын пайдалануға берілетін жер қойнауы участеклерінің шекараларын анықтау мақсатында пайдалы қазбалардың, барланған кен орындарының қоры мемлекеттік сараптауға жатады.

2. Өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына ие мердігер Өндіруді пайдалы қазбалардың қорына мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен кейін ғана бастауға құқылы. Мемлекеттік сараптаманың барланған пайдалы қазбалардың қорын игерудің тиімділігі жайындағы қорытындылары оларды мемлекеттік есепке қоюға негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік сараптамаға ұсынылған геологиялық материалдар пайдалы қазбалар қорының мөлшері мен сапасын, олардың республика экономикасындағы маңызын, Өндірудің тау-кен техникалық, гидрогеологиялық, экологиялық және басқа жай-күйін объективті бағалауға мүмкіндік берген жағдайда мемлекеттік сараптама кен орнын геологиялық зерделеудің кез келген сатысында жүргізуі мүмкін.

4. Өндіруге байланысты емес жер асты құрылыштарын салуға және пайдалануға жарамды жер қойнауы участеклері туралы геологиялық ақпарат та

мемлекеттік сараптауға жатады. Жер қойнауының мұндай участеклерін жер қойнауын пайдалануға беру геологиялық ақпаратты мемлекеттік сараптаудан өткізгенден кейін ғана жүргізіледі.

5. Жер қойнауын мемлекеттік сараптауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жүргізеді .

Ескерту. 57-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Зандарымен.

58-бап. Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы

1. Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасының жай-күйін есепке алу мақсатында жүргізеді.

2. Пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансында коммерциялық жолымен табылған, пайдалы қазбалардың әр түрлінің қорының мөлшері, сапасы мен зерделену дәрежесі, олардың орналасуы, өндірістік игерілу дәрежесі, өндіру, ысырабы мен өнеркәсіптің пайдалы қазбалардың барланған қорларымен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер болуы қажет.

3. Пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік балансқа енгізу және оларды мемлекеттік баланстан шығару тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы жөніндегі ақпаратты табыс етеді .

Ескерту. 58-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, 2005.10.14. N 79 Зандарымен.

59-бап. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс - белгілерінің мемлекеттік кадастры

1. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын геологиялық зерттеудің салалық (секторлық) және аймақтық бағдарламаларын әзірлеуді, кен орнын кешенді пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да міндеттерді шешу мақсатында жүргізеді.

2. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс - белгілерінің мемлекеттік кадастры әрбір кен орны бойынша негізгі және онымен бірге жатқан басқа пайдалы қазбалардың саны мен сапасы және олардағы компоненттердің мөлшері мен сапасы, кен орнын игерудің тау-кен техникалық, гидрогеологиялық, экологиялық, тағы басқа жай-күйі мен оны геологиялық-экономикалық бағалау,

сондай-ақ пайдалы қазбалардың анықталған көрініс-белгілері туралы мәліметтерден құралады.

3. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 59-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 -I, 2004.12.01. N 2 (құшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Зандарымен.

60-бап. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивтік қалдықтарды көмудің және қалдық суларды ағызудың мемлекеттік кадастры

1. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивтік қалдықтарды көмудің және қалдық суларды ағызудың мемлекеттік кадастрын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізеді.

2. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивтік қалдықтарды көмудің және қалдық суларды ағызудың мемлекеттік кадастры мәлшері мен сандық көрсеткіштері көрсетілген көмілген заттар мен ағын сулардың типтері мен түрлерін сипаттайтын мәліметтер, көму мен ағызудың тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық жай-күйі туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен қалдық суларды ағызудың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. V074885

Ескерту. 60-бапқа өзгерту енгізілді - КР 1999.08.11 N 467-I, 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2005.10.14 N 79 Зандарымен.

61-бап. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастры

1. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

2. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастры сақтаудың сандық және сапалық көрсеткіштерін, тау-кен техникалық және экологиялық жай-күйі көрсетілген техногендік минералдық түзілімдердің типі мен түрлерін сипаттайтын үйме объекті туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 61-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2005.10.14 N 79 Зандарымен.

9-тарау. Құқықтық шарттар

62-бап. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары

Жер қойнауын пайдаланушының мыналарға құқығы бар:

1) өзіне берілген контракт аумағы шегінде контрактыда бекітілген шарттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланудың кез келген заңды әрекеттерін өз еркімен жүргізу;

2) контрактыда басқа жағдай ескерілмеген болса, өзінің әрекетінің нәтижелерін, соның ішінде минералдық шикізатты өз қалауынша пайдалану;

3) контракт аумағында, қажет болған жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіп бойынша бөлініп берілген басқа жер участеклерінде, жұмысты жүргізуге қажет өндірістік және әлеуметтік мақсаттағы объектілер салуға, сондай-ақ контракт аумағы шегінде және одан тыс аумақтарда жалпы пайдаланатын коммуникациялар және объектілерді келісу арқылы пайдалану;

4) осы Заңның 43-бабына сәйкес белгіленген контракт күшінің мерзімін ұзарту туралы келіссөзді бірінші кезекте жүзеге асыру;

5) жер қойнауын пайдалану операцияларымен байланысты жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу үшін мердігерлерді тарту;

6) осы Заңмен белгіленген шарттарды сақтай отырып, өз құқығын немесе оның бөлігін басқа тұлғаларға беру;

7) осы Заңда және контрактыда белгіленген шарттарға сәйкес өз қызметін т о к т а т у .

8) (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 62-бапқа өзгерту енгізілді - КР 1999.08.11 N 467-І, 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

63-бап. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері

1. Жер қойнауын пайдалануши:

1) жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен т е х н о л о г и я л а р ы н т аңдауға ;

1-1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде адам өмірінің, денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ;

2) контракт аумағын тек қана контрактыда көзделген мақсаттарға п а й д а л а н у ғ а ;

3) егер контрактіде басқа мерзім көрсетілмесе, контракт тіркелген күннен бастап барлау немесе өндіру жұмыстарын жүргізуді бастауға;

4) жер қойнауын пайдалану операцияларын Қазақстан Республикасының

зандарына

сәйкес

жүргізуғе;

4-1) жер асты сулары мен кең тараптан пайдалы қазбалар жөніндегі келісімшарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумың талаптарын сақтауға;

5) қызметкерлердің және халықтың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен келісілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуінде технологиялық схемалары мен жобаларын сақтауға;

6) контракт аумағы шегінде басқа адамдардың еркін жүруіне, ортақ пайдаланылатын коммуникациялар мен объектілерді пайдалану немесе, егер жер қойнауын пайдалану операциясына кедергі келтірмесе және олар қауіпсіздіктің ерекше жағдайларымен байланысты болмаса, онда жұмыстың барлық түрлерін, соның ішінде табиғи ресурстардың басқа түрлерін барлауға және өндіруге кеде р г і жасамауға;

7) Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімді, олар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, міндетті турде пайдалануға;

8) егер осы көрсетілетін қызметтер, Қазақстан Республикасының резидент еместері орындайтын біртектес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық жұмыс орындаушылар мен қызмет көрсетушілерді міндетті түрде тартуға;

8 - 1) алдынып тасталды

9) жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізгенде қазақстандық мамандарға басымдық беруге;

9-1) келісімшарт бойынша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыру ісін келісімшартқа сәйкес жүзеге асыруға;

10) құзыретті органға жұмыс бағдарламасын іске асыру туралы ақпарат ұсынудаға;

10-1) құзыретті органға кадрлардағы қазақстандық қамту жөніндегі міндеттемелерді орындауды туралы есеп беруге;

11) Қазақстан Республикасының бақылау органдарына олардың қызметтік функцияларын атқару кезінде қажет құжаттарды, мәліметтерді кедергісіз беру мен жұмыс орындарына өтүге мүмкіндік жасауға және олар айқындаған кемшиліктеді уақтылы жоюға;

12) контракт аумағындағы жұмыс нәтижесінде алынған геологиялық есептерді жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға беруге;

13) салықтарды, жер қойнауын ұтымсыз пайдаланғаны үшін айыппұлдарды және өзге міндетті төлемдерді уақытылы төлеуге;

13-1) жыл сайын, сатып алушы өткізу үшін жоспарланатын жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей, құзыретті орган бекіткен нысан бойынша осы құзыретті органға тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың жылдық бағдарламасын ұсынуға;

13-2) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, құзыретті орган бекіткен нысан бойынша осы құзыретті органға сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілген қызметтер туралы есеп беруге;

13-3) Өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының талаптарына сәйкес аудиторлық есеппен расталған есептілікті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен табыс етуге;

14) қажет болған жағдайда, операциялардың мазмұны туралы ақпаратты үшінші біреуге, егер контрактыда өзгеше белгіленбесе, қатысуышы жақтардың ортақ келісімі арқылы ғана беруге;

15) мәдени-тарихи маңызды объектілерді сақтауға;

16) жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу өсерінен бұлғын жер участкерін және басқа табиғи объектілерді заңдарға сәйкес оны әрі қарай пайдалануға жарамды қалыпқа келтіруге;

17) өз қызметінің экологиялық салдарын жобалау сатысында болжауға;

18) қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға;

19) келісім-шарттық аумақтағы бұрын бүрғыланған барлық ұнғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуғе;

20) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың жылдық бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде бес жұмыс күні ішінде құзыретті органға осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат беруге;

21) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімінде тіркелуге міндетті.

2. Контрактыда жер қойнауын пайдаланушиның заңдарға қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 63-бапқа өзгерту енгізілді - КР 1999.08.11 N 467-I, 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.14 N 79, 2006.12.29 N 209, 2007.01.12 N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

63-1-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, оның ішінде қосалқы мердігерлердің сатып алуы мынадай тәсілдердің бірі:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бір көзден сатып алу;
- 3) баға ұсыныстарын сұрату;
- 4) электрондық сатып алу жүйесі арқылы;
- 5) тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды.

Р Қ А О - ның ескертпесі!

3 тармақ 2010.10.01. бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімі міндетті түрде пайдаланыла отырып, осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен жүргізіледі.

4. Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде сатып алуды өткізу туралы хабарландыру, конкурстық өтінімдерді ашу хаттамалары мен қорытындылар шығару хаттамалары жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімінде және аптасына кемінде үш рет жарияланатын және Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде міндетті түрде орналасырылуға тиіс.

5. Жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар Қазақстан

Республикасының аумағында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен

өткізуге

міндettі.

6. Осы баптың талаптары:

1) кең таралған пайдалы қазбалар жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға;

3) жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзызы ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларға қолданылмайды.

7. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өткізілген конкурс нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртібін бұза отырып сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша шығыстар құзыретті орган ескеретін шығыстардан жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарттық міндеттемелерді орындауы ретінде алғып тасталады.

Ескерту. 63-1-бап жаңа редакцияда - КР 2009.12.29 № 233-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

63-2-бап. Қазақстандық тауар өндірушілерді, жұмыс орындаушыларды және қызмет көрсетушілерді қолдау

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - КР 2009.12.29 № 233-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

1. Мердігер, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлері Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, осы Заңың талаптарына сәйкес, қазақстандық тауар өндірушілерден, жұмыс орындаушылардан және қызмет көрсетушілерден сатып алуға міндettі.

2. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері болған кезде конкурс өткізуге бірыңғай шетелдік ұйымдарды тарапта

жол

б е р і л м е й д і .

3. Конкурсты ұйымдастыруши конкурстың жеңімпазын анықтаған кезде тауарлары, жұмыстары және көрсететін қызметтері конкурстың талаптарына және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес келген жағдайда, конкурста қатысушылардың - қазақстандық тауар

өндірушілердің, жұмыс орындаушылардың және қызмет көрсетушілердің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма процентке азайтады.

Ескерту. 63-2-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2006.12.29 N 209, 2007.01.12 N 226, 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

63-3-бап. Жоғары технологияларды, жаңа және өндейтін өндірістерді, магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге объектілерді түрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді іске асыру

Жоғары технологияларды, жаңа және өндейтін өндірістерді магистральды және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге объектілерді түрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының іске асыруы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың және ұсынылған объектілерді инвестициялауға арналған қосымша шарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдаланушының аталған міндеттемелерді орындауға байланысты шығындары өндірілген мұнайдан алынған өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушыға отелмейді.

Ескерту. 63-3-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

64-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің шарттары

1. Пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру және пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес мақсаттарда жер қойнауын пайдалану бекітілген техникалық жобаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Барлауды жүзеге асыратын мердігердің кен орнының қорларын сынамалы пайдалануды жүргізуге, егер бұл келісім-шартта және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілген жылдық жұмыс бағдарламасында көзделген жағдайда ғана құқығы бар.

3. Барлау, өндіру не бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдалануши жылдық жұмыс бағдарламасын жыл сайын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, егер келісім-шартта мұндай келісу үшін өзгеше мерзім белгіленбесе, бірінші жылы - келісім-шарт жасалған айдан кейінгі айдың 30-нан кешіктірмей, ал одан кейінгі жылдары жоспар жасалып отырған жылдың алдындағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей келісуге міндетті.

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мердігердің техникалық жобаның шешімдерін және кен орындарын игерудің оң тәжірибесін қолдану жөніндегі міндеттемелерді сактамауынан басқа ешқандай өзге негіздер бойынша жылдық жұмыс бағдарламасымен келіспеуге құқылы емес. Жылдық жұмыс бағдарламасын қарau және келісу мерзімі жеті күннен аспауға тиіс.

4. Жер қойнауын пайдаланушы жылдық бағдарламаны жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қайта қарауы мүмкін.

5. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу туралы есептерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен табыс етуге міндетті.

6. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жылдық жұмыс бағдарламаларының келісу хаттамаларының көшірмелерін олардың келісілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей құзыретті органға табыс етеді.

ЕскеRTу. 64-бап жаңа редакцияда - 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2005.10.14 N 79 Зандарымен.

64-1-бап. Коммерциялық табу

1. Барлауға арналған келісім-шарттың негізінде жұмыс жүргізген және коммерциялық табуды жасаған жер қойнауын пайдаланушының тікелей келіссөздер жүргізу негізінде өндіруге құқық алуға айрықша құқығы бар.

2. Жер қойнауын пайдаланушы барлау нәтижесінде кен орнын (кен орындарын) тапқан жағдайда бұл туралы құзыретті органды хабардар етуге, кен орнына бағалау жүргізуге және ол коммерциялық табу болып табыла ма, соған қорытынды жасауға міндетті. Табу туралы хабардар ету мерзімдері, бағалау, коммерциялық табудың бар екендігі туралы шешім қабылдауды талқылау рәсімі келісім-шартпен айқындалады.

3. Коммерциялық табу кезінде жер қойнауын пайдаланушыға келісім-шарттың талаптарына сәйкес шығындарды толық немесе ішінara өтеу құқығы беріледі. Бұл ретте негіzsіz ұлғайтылған сипаттағы немесе кен орындарын ашудың оң тәжірибесімен сай келмейтін немесе жер қойнауын пайдаланушының жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі, жер қойнауын және қоршаған ортаны пайдалану және қорғау саласында мемлекет белгілеген ережелер мен нормаларды бұзуымен байланысты не олардың Қазақстан Республикасының заңдарында немесе келісім-шартта жүктелген өзге де міндеттерді бұзуымен байланысты шеккен шығындарын өтеуге жол берілмейді.

4. Егер барлау нәтижесінде коммерциялық табу болмаса, жер қойнауын пайдаланушының салынған қаржыларының өтеуін алуға құқығы жоқ.

Ескерту. 64-1-баппен толықтырылды - КР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

65-бап. Кен орнын бірлесіп игеру

1. Кен орнын бірлесіп игеру, бір кен орнының әр бөліктеріндегі жер қойнауын пайдаланушылардың өндіру операцияларын үйлестіру болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушылар кен орнын бірлесіп игеру жөнінде өзара жазбаша келісім жасауларына болады. Бұл келісім құзыретті органмен келіслуге тиіс.

66-бап. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізууді тоқтату немесе тоқтата тұру кезіндегі міндеттері

1. Жер қойнауын пайдалану операцияларын тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру кезінде жер қойнауын пайдаланушының барлық өндірістік объектілері және жер участкері тұрғындардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жағдайға келтірілуі қажет. Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізууді уақытша тоқтатқан кезде, тоқтатылған мерзімнің барлық уақытында кен орнының сақталуын қамтамасыз ету үшін, кен орны консервациялануға тиіс. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдаланушылар қызметінің салдарлары жойылуға тиіс.

2. Барлауды және (немесе) өндіруді тоқтатқанда немесе барлауды және (немесе) өндіруді тоқтата тұрғанда, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыштарын салуда және (немесе) пайдалануда, жұмыс аяқталған кездегі геологиялық және өзге құжаттар, осы Заңың 69-бабында белгіленген тәртіппен сақталуға өткізіледі.

3 . а л ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 66-бапқа өзгерту енгізілді - КР 1999.08.11 N 467-I, 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

67-бап. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алу құқығы

Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларын әлемдік нарық бағасынан аспайтын бағамен бірінші кезекте сатып алуға құқығы бар. Сатылып алынатын пайдалы қазбалардың шекті мөлшері, олардың бағасы мен төлем түрлерін анықтау тәртібі контрактыда ескеріледі.

Ескерту. 67-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

68-бап. Пайдалы қазбаларды реквизициялау

1. Соғыс, табиғи апат кезінде немесе төтенше жағдайлар туралы заңдарда көзделген өзге жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдаланушыға тән пайдалы қазбалардың барлығын немесе бір бөлігін реквизициялауға құқығы бар. Реквизициялау Республика мұқтаждығына қажет мөлшерде төтенше жағдайдың барлық мерзімінде жүргізілуі мүмкін. Пайдалы қазбаларды реквизициялау жер қойнауын пайдаланушылардың меншік түріне және мемлекеттік тиесілігіне қарамастан, олардың әрқайсысында жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасы, реквизицияланған пайдалы қазбалардың өтемақысын заттай немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушыға - еркін айналымдағы валютамен, ал ұлттық жер қойнауын пайдаланушыға - ұлттық валютамен, реквизициялау күніндегі әлемдік нарық бағасымен төлейді.

69-бап. Жер қойнауы туралы ақпаратқа иелік құқығы

1. Жер қойнауының геологиялық құрылымы, ондағы пайдалы қазбалар, кен орындарының геологиялық параметрлері, қор мөлшері, игеру жағдайлары, сондай-ақ геологиялық есептердегі, карталардағы және басқа материалдардағы жер қойнауының кез келген ерекшеліктері туралы ақпараттар, егер олар Республикалық бюджеттің қаржыландыруы арқылы алынса - ол мемлекеттік меншікте, егер бұл мәліметтер жер қойнауын пайдаланушының жеке қаржысына алынса - жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болып табылады.

1-1. Осы Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу барысында алынған ақпарат, қаржыландыру көздеріне қарамастан, мемлекеттің меншігі болып табылады және жұмыстарды жүргізу аяқталған соң орындаушы оны жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға беруге тиіс.

2. Қаржыландыру көздеріне қарамай жер қойнауы жайындағы геологиялық және өзге ақпараттар міндетті түрде белгіленген стандартқа сәйкес жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға сақтауға, жүйелеуге және жинақтап қорытындылауға өтеусіз тапсырылады.

3. Мемлекет меншігіндегі жер қойнауы жайындағы геологиялық ақпараттарды оқулық, ғылыми, коммерциялық және басқа мақсаттарға пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3-1. Мемлекеттік меншіктегі геологиялық ақпараттың құны тарихи шығындар сомасының бір бөлігі ретінде айқындалады.

Тарихи шығындарды және геологиялық ақпараттың құнын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Жер қойнауын пайдаланушының қаржысына алынған, осы баптың 2-тармағына сәйкес жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға табыс етілген геологиялық ақпараттарды оқулық, ғылыми, коммерциялық және өзге мақсаттарда пайдалану тәртібі мәлімет иесі мен жер

қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган арасындағы
келісімінен анықталады.

Осы келісіммен барлық геологиялық ақпараттардың немесе оның бөлігінің құпиялық мерзімі, сондай-ақ контрактының қолданылу кезінде геологиялық ақпараттарды жер қойнауын пайдаланушының меншігінен Қазақстан Республикасының меншігіне беру шарттары және мүмкіндіктері анықталады.

5. Контрактының күші тоқтатылған кезде, барлық геологиялық ақпараттар мемлекет меншігіне көшеді. Жер қойнауын пайдаланушы, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган барлық құжаттарды және геологиялық ақпараттардың өзге де материалдық сақтаушыларын өтеусіз тапсыруға міндетті.

Ескерту. 69-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.08.11 N 467-І, 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2005.10.14 N 79 Зандарымен.

70-бап. Жер қойнауын пайдаланушының контракт шарттарын сақтауын бақылау

Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт талаптарын сақтауын, соның ішінде жұмыс бағдарламасын орындауды бақылауды жүзеге асырады. Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарттың талаптарын бұзған жағдайда құзыретті орган мұндай бұзушылықты жою қажеттігін жазбаша хабарламамен көрсете алады.

Ескерту талаптары белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, құзыретті орган осы Заңың 45-2-бабына сәйкес контрактыны бұзуға құқылы.

Ескерту. 70-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.08.11 N 467-І, 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

70-1-бап. Жер қойнауын пайдаланушының қызметін мемлекеттік органдар тарапынан бақылау

Жер қойнауын пайдаланушының қызметін бақылауды, қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы құзыретті орган мен уәкілетті органдардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 70-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.10.14 N 79 Зандарымен.

70-2-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 70-2-бап жаңа редакцияда - 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

71-бап. Жер қойнауын пайдаланушы құқықтарының кепілдіктері

Жер қойнауын пайдаланушыға зандарға сәйкес оның құқықтарын қорғау кепілдігі беріледі. Жер қойнауын пайдаланушының жағдайын нашарлататын зандарға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалған келісім-шарттарға қолданылмайды.

Осы баппен белгіленген кепілдіктер қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, экологиялық қауіпсіздік және денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасы зандарының өзгерісіне қолданылмайды.

Ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негіздерін сақтау және ынғайту үшін жер қойнауын пайдалануға жаңадан жасалатын, сондай-ақ бұрын жасалған келісім-шарттарда, жерасты сулары мен кең тарапған пайдалы қазбалар жөніндегі келісім-шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет атынан немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ұлттық басқарушы холдингтің немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компанияның келісім-шарттың басқа тарабының немесе жер қойнауын пайдалану құқығына ие занды тұлға қатысуышыларының және басқа тұлғалардың алдында жер қойнауын пайдалану құқығына ие занды тұлғадағы, сондай-ақ, егер осы занды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) оларға әсер етуге мүмкіндігі бар занды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иелікten айырылған құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлесін (акциялар пакетін) басқа сатып алушылар ұсынғаннан төмен емес шарттармен сатып алуға басым құқығы бар.

Ескерту. 71-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.08.11 N 467-I, 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2005.10.14 N 79, 2009.02.13 N 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Зандарымен.

71-1-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы зандарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы зандарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 71-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

71-2-бап. Дауларды шешу

1. Келісім-шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер жүргізу арқылы не келісім-шартта бұрын келісілген дауларды шешу рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

2. Егер келісім-шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар осы баптың 1-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда тараптар дауларды шешу үшін:

1) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сотқа;

2) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заң актісіне сәйкес халықаралық төрелікке бере алады.

Ескерту. 71-2-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

10-тaraу. Өтпелі және Қорытынды ережелер

72-бап. Техногендік минералдық түзілімдерге меншік

1992 жылдың 30-мамырына дейін жиналған, немесе осы Заң күшіне енгенге дейін мемлекеттік минералдық ресурстар қорына кіргізілген техногендік минералдық түзілімдер мемлекеттік меншік болып табылады.

73-бап. Осы Заңды қолдану тәртібі

1. Осы Заң ол күшіне енгеннен кейін жасалған жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастарға және басқа құқықтық қатынастарға қолданылады. Ол күшіне енгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастарға және басқа құқықтық қатынастарға, осы Заң ол күшіне енгеннен кейін пайда болған құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

2. Осы Заң күшіне енгенге дейін берілген лицензиялар мен жасалған контрактылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының олармен байланысты барлық актілері өз күшін сақтайды.

3. Осы Заң күшіне енгенге дейін контракт аумағын алған жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану құқығы келіссөздер негізінде беріледі.

Ескерту. 73-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

74-бап. Осы Заңның күшіне енуіне байланысты заңдардың қолданылуы

Осы Заң күшіне енгенге дейін жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер осы Заңға қайшы келмейтін бөліктерінде қолданылады.

74-1-бап. Лицензиялық органның функциялары

Жер қойнауын пайдалануға арналған бұрын берілген және қолданыстағы лицензияларға қатысты лицензиялық органның (Қазақстан Республикасы

Үкіметінің) функциялары құзыретті органға жүктеледі.

Ескерту. 74-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

75-бап. <*>

Ескерту. 75-бап алынып тасталды - ҚР 2004.12.01 N 2 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

76-бап. Осы Заңның жүзеге асыру жөніндегі шаралар

1. Осы Заң күшіне енген күннен бастап мыналардың күші жойылған деп таңылсын:

"Жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы" 1992 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Кодексі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1992 ж., N 9, 248-құжат; 1995 ж., N 24);

"Жер қойнауын және минералдық шикізатты ұқсату туралы" Қазақстан Республикасы Кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" 1992 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы, 1992 ж., N 9, 248-құжат);

"Геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбалар өндіру үшін жер қойнауын пайдалануды ретке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1637 Заң күші бар Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 16, 152-құжат).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында:

1) 1996 жылғы 1 шілдеге дейін:

Қазақстан Республикасының заңдарын "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарды өзірлесін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтірсін;

мемлекеттік органдардың "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына қайшы келетін өздерінің нормативтік актілерін қайта қарауын және қүшін жоюын қамтамасыз етсін;

2) 1996 жылғы 1 шілдеге дейін:

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу контрактысын жасау тәртібі туралы ережені;

Жер қойнауын пайдалануды лицензиялау тәртібі туралы ережені;

Жер қойнауының мемлекеттік кадастры туралы ережені;
геологиялық ақпарат туралы ережені;
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізудің модельдік контрактысын әзірлесін және бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК